

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Бүгінде қоғамда құқық қорғау органдарына айтылып жүрген сын аз емес. Өсте, қызметте күн мен түнді бөліп жармай, кірпік қақпай еңбек етіп жүрген азаматтар бұл ретте сыңға түсіністікпен қарап, «Сын түзелмей, мін түзелмейтінін» айтады. Біз осы ретте облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Махсұдхан Аблазимовпен сұқбаттасқан едік.



ауыр, пәтер, мал ұрлығының ашылу көрсеткіші жақсарды. Иә, әрине, сын орынды айтылса, қабылдаймыз. Бірақ мына сандық деректер – біздің қызметкерлердің мүлтіксіз қызметінің бұлтартпас дәлелі. Фактіден асып кете алмайсың. – Елді елең қылып отырған есірткі қылмысы бұрын тіпті жоқтың қасы еді. Қай жылдары тіпті қарапайым ауылда да қылаң берді бұл қылмыс. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылуда? – Дұрыс айтасыз, ескірткімен күрес – біздің

«Жастық адамға бір-ақ рет беріледі, мұның басқа жас кезеңдерінен ерекшелігі – барлық әдемілік атаулымен асқаралы мұратқа бір табан жақындағы» деген В.Белинский. Уақыттың құнды ресурс екенін ескерсек, әр сағатты сандалумен һәм сайран салумен жоғалтпаған жөн. Жастарды қолдаумен қуаттап, мүмкіндік алаңын көбейту де жемісін берері сөзсіз. Жақында «Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» қоғамдық қоры облыстық филиалының ашылу салтанаты өтті. Берекелі бастама Сыр жастарына серпіліс беретіні ақиқат. – Бұл орталықтың жүйелі жұмыс істегеніне жиырма жылдан аса уақыт болды. Осы жылы да 16 жоба жүзеге асты. Алдағы уақытта өңірде осы тұрғыдан оң өзгеріс болатынына сенім мол. Жалғасқан жобаны жолда қалдырмай, сәтті сабақтаймыз. Мұның бәрі ақпараттық сауатты

Сыр жастары көш басында



арттырып, құқығына немқұрайлы қарамауға ықпал етпек. Қоғам игілігіне құрылған қор жұмысын жандандыру қолымызда, – деді «Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» қоғамдық қоры облыстық филиалының басшысы Талғат Мендібаев. Келешектің кірпішін кемелдікпен қалауға негіз орталық қызметі мұнымен ғана шектелмейді. Болашаққа бағдар беріліп, керекті кеңестер де айтылады. Сайып келгенде бұл «жастарды жарылқайық» деген ой емес, жанашырлықтан туған ниет. Мәселен, «ZhasCamp» әлеуметтік жобаны қолдау болып табылады. Идеяден келген жасқа жол көрсетіп, аудитория тарту мен қаржы көзін табуды үйретеді. Қазір көбі «өзіне би, өзіне қожа» болғысы келетіні рас. Осы ретте қолынан іс келетінге көмек беріп, кәсібін ұршықша иіруге түрткі болмақ. Нақтырақ айтсақ, бұл жастар үшін жалаң ұран болған емес. Жоба аясында жетістікке жетіп, таудай талабы төрге шығарған талант көп. Сонымен қатар жас сайлаушылар лигасы да ойды ашық айтуға сеп. Мұнда жастар сайлау барысын байқап, құқығын қорғауға үйренеді. Жоба саналы түрде шешім қабылдауға, биліктен адал және заңды дауыс беру рәсімдерін талап етуге бейімдемек. Өңірдің белсенді жастары да аудан әкімдерінің сайлауында бақылаушы болғаны мәлім. Ақылы асқан, ойы орнықты жастарды бір ортаға ойыстырудың мәні зор. Пікірлес жандардың басы қосылса өсу де, өну де болмақ. Ал орталық белсенді болуға шақырып, сапалы біліммен қамтамасыз етіп, қарышты қадам жасауға тиімді тетік. Қазір де бірі білімнің, бірі өнердің, енді бірі тың жаңалық ашудың айналасында тынбай жүр. Демек, талпынғанды тайддырмай, демеп жіберу жастарға көрсетілген үлкен көмек. Санасында серпіліс, бойында жалын бар Сыр жастарының көш алдында жүргені қуантады.

Замира ҚОНЫСЖАН

Тәрбие түзелмей, құқық бұзушылық арта береді

– Махсұдхан Нұғманұлы, құқық қорғау органдары әлеуметтік желіде, тағы басқа қоғамдық пікір алаңдарында сыңға ұшырап жатады. Жалпы, саладағы жұмыс деңгейі қаншалықты қазір? Қазақ полициясы қылмыскерлерден қаншалықты қорғайды? – Мен бұл сұраққа бір-ақ сөзбен жауап бере аламын. Сын айтылған жерде нәтиже бар. Қылмыс пен құқықбұзушылықты азайту, олардың алдын алу – бүгінгі қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл мақсатта өңірдің тәртіп сақшылары атқарған жұмыстар нәтижелі. Қалың көпшілікпен тығыз байланыста жұмыс істейтін полиция қызметкерлерінің жұмысына сын көп айтылғанымен, олардың кірпік қақпай күні-түні атқаратын қызметтерінің нәтижелі көрсеткіштерін де атап өткен дұрыс болар. Біз үшін негізгі міндет – қылмыстың алдын алу, оның себептері мен жағдайларын анықтау және осыған сай шараларды жүзеге асыру. Бұл мақсаттағы жұмыстар қазір нақты нәтиже бере бастады. Оған дәлел өңірде қылмыс айтарлықтай азайды. Бүгінгі таңда Қызылорда облысы – қауіпсіз өңірлердің бірі. Қылмыстық ахуал тұрақты. Нәтижелі және қарқынды жұмыстың нәтижесінде қылмыстар 4 процентке азайды. Оның ішінде аса ауыр қылмыстар 19%-ке, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар 16%-ке, жалпы ұрлық 16%-ке төмендесе, «мәлым – арымның, арым – жанымның садағасы» деген шаруалардың несібесін тонап, малын ұрлайтындардың әрекеті 49 процентке азайды. Қоғамдық орындарда, көшеде, мас күйінде жасалған қылмыс та азайды. Ауыр және аса

маңызды бағыттарымыздың бірі. Қазақстан Республикасы ІІМ Кеңейтілген алқа отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі есірткі тасымалының жолын кесу бойынша нақты тапсырмалар берді. Бұл бағытта департамент қызметкерлері пәрменді жұмыс атқаруда. Жыл басынан бері аймақта 241 есірткі қылмысы тіркеліп, заңсыз айналымнан 2 тонна 304 келі есірткі заты тәркіленді. Қызметкерлеріміз 2 «фитозертхана» анықтады. Әлеуметтік желілерде мониторинг жүргізу барысында «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 70 сайт енгізіліп, 42 сайты бұғатталса, 28-і тексерілуде. 1 маусым-31 қазан аралығында республикалық «Қарасора» жедел профилактикалық іс-шарасы барысында 163 құқық бұзушылық анықталды, оның 10-ы – сату, 16-сы – аса ірі мөлшерде сақтау, 1-і – жарнамалау, 62-сі – өсіру дерегі. Есірткі өсірумен айналысқан 61 тұлға құрықталса, 24-і қамаққа алынды. 17 мың 828 түл пара сора өсімдігі жойылды. Есірткіні аса ірі мөлшерде тасымалдаудың 3 дерегі анықталып, 63 келі «марихуана» тәркіленді. Әрине, бұл ретте азаматтарға есірткі қолдану, осы бағыттағы қылмысқа бару – өз болашағының тамырына балта шабу екенін ескертеміз. Өзінің адасқанымен қоймай, жұртты адастырады, елдің санасын улайды. Әрбір азаматқа қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының аманат етіп айтқан бес асыл ісін бойына сіңіріп, бес дұшпаннан қашық болуға кеңес беремін.

4 бетте

«Бір қозы артық туса, бір түп жусан артық шығады» деген дана халқымыз үшін биылғы басты жаңалықтардың бірі – 20 миллионға жеткеніміз. Иә, әрине, немересіне «Тұқымың жайылғыр» деп ұрысатын ұлылықтың нышанындай әжелеріміздің тілегінің қабыл болып жатқаны шығар?! Хан Абылай тәрізді 30 ұл, 40 қызы болмаса да, бүгінгі қазақ бала санына баса мән беріп келеді. Әйтсе де, осы демография ғылымының маңызын ескерсек те, тереңіне бойлап жатқанымыз шамалы. Саладағы ойландырып сауалды елге белгілі демограф Аяулым Сағынбаевадан сұрағанды жөн көрдік. – ЮНИСЕФ-тің мәлімдеуінше,

өлемдегі кедейліктің 90 процентке жуығы көпбалалы отбасылардың басында болады екен. Біздің елде демографиялық өсімді қолдау жалғасқанмен, мемлекет бақытты балалық шаққа көпіл болып отыр деп айта аламыз ба?

– Демографияда туудың жоғарылауы кедейлікке ықпал ете ме, әлде кедейлік туу деңгейінің жоғарылауына себеп бола ма деген теория бар. Бұл қазірдің өзінде шешілмеген сұрақтардың бірі болып тұр.

Сайып келгенде, көпбалалы отбасыларды алып қарайтын бол-сақ,




олардың жартысынан көбі қиын өмірлік жағдайды бастан кешуде. Бұл екіжақты мәселеге қатысты деуге болады. Өйткені өңірлердегі демографиялық өзгерістер негізінен туу деңгейіне байланысты. Көпбалалы отбасылардың қиын жағдайға душар болуына себеп көп. Бірі табысы төмен болуы, тағы бірі отбасын жоспарлауға мүмкіндіктері деген тәрізді мәселелер бар. Статистикалық деректерге қарап, ЮНИСЕФ-тің мәліметімен келісуге болады. Өйткені туу деңгейі жоғары елдерді алып қарасаңыз, мысалы, Үндістан, Африка елдерінде кедейлік деңгейі жоғары. Бірінші кезекте ерте тұрмысқа шығады. Сондықтан кейбір контрацептердің

бар екенін де білмейді. Бұл білімнің төмен болуынан да шығар... Екінші кезекте, біздегі қолжетімсіздік, ал үшінші кезекте ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезінбеу, олардың ертеңін ойламаудан шығады. Халықтың наным-сенімдері көбейген сәтте біз осындай туу көрсеткіштерінің жоғарылауын байқаймыз.

3 бетте

Цифрлы теңге тиімді ме?



Соңғы жылдары қағаз валюта ұстауды азайтқанымыз анық. Түрлі төлемді банк қосымшалары арқылы жасап, саудадағы үрдіс өзгерді. Бұған мемлекеттегі цифрландыру саясатының ықпалы мен банктердің онлайн қызметінің әсері болғаны анық. Осы орайда аталған бағытта тағы бір жаңалық орын алды. Ол – цифрлы теңге. Жуырда ұлттық валюта – теңгенің қолданысқа енгеніне 30 жыл толуына орай цифрлы теңге жарыққа шықты. Идея авторы өрі жоба құрастырушы – Ұлттық банк бұл қадамның ел экономикасына айтарлықтай өзгеріс әкелетініне сенімді. Қолданыс аясы кеңейтініне, аударым операциялары жеңіл әрі тиімді ұйымдастырылатынына да үміт артты. Тіпті цифрлы теңгенің алғашқы таныстырылымы кезінде цифрлы теңгені қолдануға да мүмкіндік болған.

Жалпы Ұлттық банк цифрлы теңгені 2021 жылдан бері қолға алды. Түрлі экономикалық кедергі, саяси ахуалдарға байланысты аталған бастама аяқсыз қалған еді. Енді, міне, жоба іске асып, аударым жүйесі жаңа сатыға тұрақтады. 2025 жылға дейін жүйе толықтырылады деген жоспар бар. Соңғы уақытта цифрландыру бағытында жаңалық көп. Биткоинның жыры бітпей, электронды қаржы көздері танымал болуда. Еуропа елдері цифрлы ақшаның концепциясын

жасаумен қатар, оны қоғамға әсері, әлеуметтік құбылыстарға ықпалы төңірегінде талқы тудыруда. Ал өлемде цифрлы жаңалықтардың табыс көлемі артып, бұл бағытта келешек барын көрсетіп отыр. Қазақстанға цифрлы теңгенің енуіне де осы өзгерістер мұрындық болса керек.

2 бетте





Өзгенің табалдырығын тоздырып, баспанасыз күйде жүргендер аз емес. Баспана тапшылығы әлеуметтік әлсіреудің алғышарты болып отырғаны да өзекті мәселе.

Оған қоса жалдамалы пәтердің өзі қолжетімсіз болып бара жатқан уақытта үй сатып алу немесе бір жалақымен ипотека алу жолын қарастыру машақат. Көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де үй алу сары уайымға айналды. Биылғы дерекке сүйенсек, 2,5 млн қазақстандықтың басында баспана жоқ.

Мемлекеттік бағдарлама шарты қиын. Мысалы, баспана кезегіне тұрғандарға пәтер тапқан табысына қарай беріледі. Ал қазақстандағы орташа айлық көрсеткіші 250 мыңға жетер-жетпес, ал бұл жалақымен баспаналы болу қиын. Себебі несиенің пайыздық мөлшері алқымнан алып тұр. Жастар жылжымайтын мүлік мәселесіне айрықша мән беріп келетіні де содан.

Отбасылы болу сияқты құндылықтарды кейінге шегеріп, жанұя құрғандардың ажырасуына пәтердің жоқтығы себеп болып отыр.

Мемлекет жастарға арналған бірнеше бағдарламаны іске қосып, бүгінде жүйелі түрде іске асыруда. Әрине, асығы алшысынан түскендер үшін ол жемісті болса, кейбір ел тұрғындарын бүйдей түйді. Бұл аздай, қаржылық сауат, бағдарлама туралы мағлұмат ақсауда. Тиімді бағдарламаларды кейбірі білмейді, енді бірі жарнаның аз-көптігін ажыратып жатпайды.



Баспана: Кезегім қашан келеді?

Ауылдық мекенде тұратын қарапайым халықты осы бағытта ақпараттандыру өзекті. Себебі бағдарламаға ілікпей, сан соғып қалғандар кем емес.

Мәселен, «Отбасы банкі» жастардың баспаналы болуына мүмкіндік беретін ипотекалық бағдарламалар ұсынууда. Атап айтсақ, «Нұрлы жер» – пәтер құрылысын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама. Бастапқы жарна 20%-дан басталады. Ал «Әскери өнім» – әскери қызметкерлерге жеңілдігі бар несиелік бағдарлама болса, «Бақытты отбасыны» – көпбалалы, жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайланған жоба. «Отбасы банкінің» жеке бағдарламасы – «Өз үйім» нарықтағы жаңа салынған үйді арзан бағада қанжығалауға бағытталған. Осы уақытқа дейін аталған банкке үй алу үшін 500 мыңнан астам депозит тіркеліпті.

Айта кетейік, 5 жыл уақытты қамтитын жалға берілетін баспана бағдарламасы да жүзеге асқан болатын. Бұл бағдарламамен 5 жыл аралығында қаражат жинауға мүмкіндік бар. Алайда індеттің уақытына тап келген парықсыз жоспардың межелеген сәті таяп, 5 жыл 5 минуттай зулап келді. Ақша жинап үлгермеген жастар енді не істемек және оларға қандай көмек ұсынылады? Бұл – тек уақыт тәрменіндегі сауал...

Өңірге ойыссақ, Аймақта «Сыр жастары» ипотекалық несие беру бағдарламасы іске қосылды. Бағдарламаға 18-35 жасқа дейін азаматтар өтінім білдіре алады. Несиелеу мерзімі – 19 жыл, жарна 5%-ды құрайды. Медицина, білім, мәдениет, қаржы, спорт, ЖОО және ҒЗИ, журналистика, әлеуметтік сала мамандары үміткер боа алады. Сондай-ақ Ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдары, екінші деңгейлі банктер, құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының мамандары да өтінім білдіруге құқылы.

«Қызылорданың 85 жылдық мерейтойы аясында облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асатын «Сыр жастары» бағдарламасы кезекке тұрмаған жастар үшін оңтайлы ипотекалық несие болмақ.

Бағдарлама қатысушысының жасы

35-тен аспауы шарт және Қызылорда облысында тұрақты тіркеуде болып, жұмыс өтілі 1 жылдан кем болмауы тиіс. Бағдарлама аясында берілетін баспана қаланың сол жағалауында орналасқан 3 бөлмелі жаңа көпқабатты пәтерлерден беріледі деп күтілуде», – деді облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров.

Жалдамалы пәтер мәселесіне келсек, баға удай. Статистиканы қарасақ, пәтер жалдау құны 21% қымбаттаған. Тәулігіне жалдаған күннің өзінде 13-15 мың теңгені құрайды. Ал ұзақ мерзімге тұрақтаудың бағасы айтпаса да түсінікті. Ол үшін табыс көзі кемінде 200 мың теңгеден көп болуы тиіс, пәтерді паналау үшін айына 100 мыңға таяу қаражат кетеді.

«Пәтер жалдау ауданнан, ауылдан келген студенттер үшін қиын. Сергелдеңге түсіп, кейде азып-тозып та кетеміз. Ал отбасылы жандар туралы ойлаудың өзі қиын. Мен жалдайтын баспананың құны 100 мың теңге. Бұл – коммуналды төлемдерді қоспағандағы шығын.

Студентпен, тұрақты жұмысым жоқ. Ақылы негізде оқимын, ал оқу ақы 500 мың теңгені құрайды. Ата-анам ауырталдық салғым келмеген соң, анда-санда азын-аулақ табысты киім дүкендерінде модель болып табамын, – дейді қала тұрғыны Ғанат Мақсұт.

Баспанаға кезекке тұрып, айлап-жылдап тосып жүргендер де аз емес. Тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген, тұрмыс жағдайы төмен отбасылар үшін бұл ауыр соққы. Біреудің босағасын сығалап, мезі еткен уайым межелеген мақсатқа жеткізбей тұр. Әлеуметтік жағдайы қиын жандарға бағдарламалар оңтайлы болса да, кезекке іліге алмай жүргендер саны біршама.

«Кезекке тұрғаныма он екі жылдам астам уақыт өтті. Мен балалар үйінде тәрбиеленген соң үй мәселесі алаңдатпайтын еді. Алайда ол жақтан шыққаным биыл 4 жылға жуықтады. Сайттағы ақпараттарға сенетін болсақ, жетім немесе ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар

санатындағы жандарға үй 2020 жылы берілген, ал ол адамдар менен кейін үй кезегіне тіркелген. Оған да көндік.

Дегенмен арадағы 3 жылда басқа үйлердің қолданысқа берілмеуі қынжылтады. Қаншама рет үй кезегін тексерту үшін, түрлі сауалға жауап алу үшін мамандарға жүгіндім. Кезегім тездетіп келсе екен», – дейді аты-жөнін жарияламауды сұраған қала тұрғыны.

Мемлекет тарапынан халықты баспанамен қамту үшін көп бастама жүзеге асты. Сонымен қатар апатты тұрғын үйлер кезекті модернизациядан өтіп, тұрғындар игілігіне берілуде. Президент бұл түйіпкілді мәселені жою үшін тұрғын үй құрылыстарын тежеуге болмайтынын, сапалы және қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді жергілікті әкімдіктер мен Үкіметке тапсырды. Жалдамалы пәтерлер инвесторлар үшін жақсы пайда көзі. Дегенмен баспана қолжетімді бағада, қымбат болмауы тұртібінен түспесе игі.

P.S. Баспана – бас ауруы. Алайда қол қусырып, бар күшті мемлекетке артып қойып, бейқам өмір кешуге болмайды. Халықтың үкілеп үміт артқан бағдарламалары дұрыс бағытта жүзеге асып, көпшілік игілігіне уақытылы берілсе дейміз.

Нұршат НЫШАНОВА



Жалғасы. Басы 1-бетте

Цифрлы теңгенің керегі не? Оның тиімді тұсы қайсы? Міне, осы сұраққа нақты жауап бар. Мамандардың пікірінше, цифрлы теңге нарықты көлеңкелі экономикадан шығаруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске сеп болмақ. Себебі цифрлы теңгенің қайда кетіп жатқанын қарап отыруға мүмкіндік бар. Экономикадағы статистикалық есептеулерде де цифрлы теңге үлкен мүмкіндіктер ашады екен.

Бүгінде Ұлттық банктің инфрақұрылымында цифрлық биометриялық идентификациялау қызметі сәтімен іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Бұл жұмыстар нарық қатысушыларына картаны, интернет-төлемді, QR кодты, мобильді банкінгі қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға негізделген. Бұл инновациялық қызметтерді уақытылы енгізуге үлкен сеп болғаны анық. Оған қоса цифрландыру үрдісін жеделдетуге ықпал етті. Мәселен, халықтың қолма-қол ақшасыз аударымы соңғы 5 жылда 34 есеге өсіп, өткен жылдың қорытындысы бойынша 103,8 трлн теңгені құраған. Биылғы жылдың үш тоқсанының қорытындысы бойынша, халықтың қолма-қол ақшасыз транзакциялары 39,5 пайызға артып, 101,0 трлн теңгеге жетіпті. Осыны назарға алсақ, цифрлы теңге секілді жобаларды жобаларды дамытуға мүдделіміз.

Бұл жобалардың ішінде бөлшек ұлттық төлем инфрақұрылымын дамыту, ашық банкінгі, цифрлық теңгені енгізу де бар. Нақтырақ айтқанда, цифрлық теңге қолма-қол ақша және қазіргі

банк шоттарындағы қаражатпен қатар жүретін ақшаның тағы бір қосымша формасы болады. Қазіргі қолданыстағы төлем түрлерімен салыстырсақ, қолданушылар айтарлықтай айырмашылық байқамайтын болады. Себебі цифрлық валютаны қолданыстағы қолма-қол ақшасыз төлем әдістерімен төлей алады. Яғни, нтернет-эквайринг, мобильді қосымшалар, POS-терминалдар, QR кодтарды пайдалануға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар ұлттық валютаның цифрлық формасы офлайн төлем технологиясын іске асыруға мүмкіндік береді. Цифрлық теңге ұлттық төлем жүйесінің бір бөлігіне айналады. Интернетсіз төлем жасау мүмкіндігі қолма-қол ақшасыз төлемнің қолданысын кеңейтіп, үздіксіз жұмыс істеуге арналмақ. Бағдарламалаудың арқасында инновациялық қаржы сервистерін құруға, бәсекелестік тудыру жоспарланған.

ҚР Ұлттық банкі Төлем жүйелері департаментінің директоры Ерлан Ашықбековтың БАҚ-қа берген мәліметіне сүйенсек, цифрлы теңгені бақылауға

да болады екен:

«Алдағы 3 жылда «Цифрлық теңге» ел аумағында толық енгізіледі. Яғни, 2025 жылдың аяғына дейін барлық қаржы нарығы қамтылмақ. Ал қазір жобаның бірінші кезеңі қорытындыланды. Елдегі 4 банк пен «Қазпошта» цифрлық ақшаны айналымға енгізді.

Артықшылығы – цифрлық теңге интернет жоқ жерлерде де қолжетімді. Яғни, кез-келген жерде офлайн режимде төлем жасай аласыз. Тағы бір ерекшелігі – бағдарлау мүмкіндігі енгізілген. Мәселен, ата-ананың бақылау қызметі бар. Яғни, баласы ақшаны алкоголь немесе темекіге жұмсап жатса, бірден анықтай алады. Цифрлық теңге – ұлттық валютаның үшінші қосымша формасы. Қолма-қол ақша сияқты ол да эмитенттеледі. Алғашқы өнімдерді қазақстандықтар көп ұзамай пайдалана алады», – дейді директор.

Бұдан бөлек, цифрлық теңге мемлекеттік қаржыны жұмсаудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруда маңызды құрал болады. Цифрлық теңгедегі бюджет қаражатын мақсатты пайдалану үшін таңбалауға мүмкіндік бар. Ал мақсаты бойынша жұмсалғаннан кейін бұл таңбалау жоғалады. Осылайша, бюджеттік шығыстарды бақылауға болады.

Алайда Е.Ашықбеков айтқандай, бәрі жеңіл емес. Жобаның жетілдеретін тұсы баршылық. Мысалы, мамандар интернетсіз транзакциялардың саны шектеулі екеніне наразы. Яғни, қолданушы әрбір 15 аударымнан кейін желіге қосылып, верификация жасау керек.

Сондай-ақ жоспар бойынша сандық валюталар шетел банкіне түскен бойда ұлттық жүйеден өшіріліп, сол мемлекеттің валютасы ретінде пайдаланылады. Сол үшін курсты автоматты түрде анықтайтын жүйе құрастырылуда екен. Яғни, арадағы делдалдар жоғалып, халықаралық төлемдер тікелей жасалмақ.

Осы орайда Цифрлық теңгені қолдану тәртібін түсіндірген Қазақстанның ұлттық төлем корпорациясының төрағасы Бинұр Жәленов жоба келешегіне қатысты тың деректер келтірген: «Міндетті түрде бақылауды қажет ететін жағдайлар болады. Мәселен, мектеп құрылысын алайық. Мемлекет бюджет қаржысын шын мәнінде құрылыс материалдарын сатып алуға, жұмысшылардың еңбекақысын төлеуге кетіп жатқанын қадағалауы керек. Сондықтан бұған дейін ол қаражатты басқа валютаға айырбастауға, қолма-қол ақшаға айналдыруға болмайды. Алайда жалақысын сандық теңгемен алған қызметкерге ешқандай шектеу салынбайды», – төраға.

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, қазір әлемнің бірнеше елінің орталық банктері цифрлық ақшаны тәжірибе жүзінде сынақтан

өткізіп жатыр. Atlantic Council жариялаған деректерге сүйенсек, цифрлық валютаны қазірдің өзінде 10 мемлекет қолданысқа енгізіп үлгерген. Қазір тағы 15 ел цифрлық валютаны іске қосу кезеңінде тұр, оның ішінде Қазақстан да бар.


Бір қызығы, Қазақстан – цифрландыру рейтингінде алғашқы ондыққа кіретін ел. Орталық Азияда алғашқы болып электронды төлемді қалыптастырып, жалпыхалықтық қолданысқа енгізді. Енді цифрлы

теңгені таратуда. Мұндай қарқын нені біледіреді, әлеуметтік астары қандай? Осы сауалдар сала

сарапшыларын алаңдататынын айта кеткен жөн. Оған себеп те жоқ емес. Кей сарапшы кедей ел мен құқық босаң қоғамда цифрландыру жылдам жүреді

деп сынады. Аталған ойды теріске шығару үшін цифрлы теңгенің тиімді тұсы көп болса игі.

P.МАҚСҰТ



Цифрлы теңге тиімді ме?



Жалғасы. Басы 1-бетте

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ТАСАДА ҚАЛДЫ

– Жалпы, бала туу көрсеткішіне белсенді атсалысып жүрген әйелдер қауымына байланысты статистика не дейді?

– Тағы бір санасатын көрсеткіш – бала тууды жоспарлайтын әйелдердің саны. Санақ жүргізілгенде бұл сұрақ өте өзекті болды. Себебі көпшілік «Неге жасөспірім қыздарға мұндай сұрақ қояды?» деген тәрізді мәселе көтерді. Біз бұл көрсеткіштің қаншалықты маңызды екенін ақпараттандырып, түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Осы жерде айта кетейік, бала тууды жоспарлайтын 15-49 жас аралығындағы әйелдер саны – 1 млн 24 мың 911 адам. Оның ішінде бір бала жоспарлайтындар – 35,9 процент, 2 баланы қалайтындар – 28, 3 баланы – 17,4, 4 баланы 12,3, 5 және одан да көп баланы жоспарлайтындар 6 процент болып тұр. Ал 15-19 жас аралығында баланы дүниеге әкелетіндер 12,9 процентке жетсе, 20-24 жаста – 11,9, 25-29 жас аралығында 17,8, 35-39 жас шамасында 22,9, 40-44 жас аралығындағылар 12,6 және 45-49 жас аралығындағылар 4,1 процент болды. Активті жасқа келетін болсақ, жасөспірімдерді негізге алмай, 20-29 жас аралығындағы әйелдердің 29,7 проценті дүниеге бала әкелуді жоспарлауда. 30 және 44 жас аралығында баланы дүниеге әкелу 53,4 процентке жетті. Ал енді қанша баланы жоспарлайсыз дегенге келетін болсақ, 15-19 жас аралығындағы әйелдердің 27 проценті – 1 бала, 32 проценті 2 баланы қаласа, 17 проценті өмірге үш бала әкелгісі келеді. Ал активті деп санайтын 20-24 жас аралығындағы аналардың 33 проценті бір баланы ғана қалайды. Ал 28 проценті 2 бала дүниеге әкелуді ойлайды, 18 проценті 3 баланы, 15 проценті 4 баланы қалайды. Бұл тенденциялар нені көрсетеді? Қазір жастардың дені аз баламен шектелуді қолай көретінін байқадық. Мәселен, 35-39 жас аралықтағы әйелдерді алып қарасақ, олардың 34 проценті 1 баланы, 28 проценті 2 баланы, 20 проценті 3 баланы, 12 проценті 4 баланы өмірге әкелуді жоспарласа, 6 проценті 5 және одан да көп балам болса деп армандайды. Біз бұдан не көреміз? Көпбалалы болуды 1980-1990 жылдары дүниеге келген әйелдер қауымы қалайды. Мұның өзі қазіргі кезде репродуктивті көзқарастың өзгергенін білдіреді. Негізінен әйелдердің басым көпшілігі бір немесе екі балалы болуды қалайтынын статистика көрсетіп отыр.

– Өзіңіз айтып отырған сандық деректерге қарап, көп жайтты аңғаруға болады. Болашақта демографиялық ахуал қай бағытта ойысуы мүмкін? Маман ретінде пікіріңізді білсек...

– Бұл сұрақ маған жиі қойылады. Санақ бойынша көп нәрсеге көз жеткізуге болады. Енді мысал айта кетейік, 1999 жылы отбасы көлемі – 4,0, 2009 жылы 3,5 ал 2021 жылы 3,2 көрсеткішін құрады. Елімізде 2 адам тұратын отбасы 2009 жылы 30,1 процент болса, бұл көрсеткіш 2021 жылы 41,2 процентке өскен. Отбасы мүшелерінің азаюы – отбасы құндылықтары мен неке институтының жеткілікті санаға сіңбеуінің нәтижесі. Бұл өз кезегінде туу көрсеткішінің төмендеуіне әкеледі. Елімізде 10 баладан астам перзенті бар 163 отбасы бар. Есесіне, 5 578 947 отбасының 2 300 013-інде екі-ақ адам тұрады.

– Қазақта «сұр бойдақ» және «кәрі қыз» ұғымдары бар. Бұл ертеректен бар нәрсе. Тіпті бойдақтарға салық та салынғанын көз көрді. Қазір ондай қысым жоқ. Осы бағытта қазір жасы жетіп, отбасын құрмай жүргендер жайлы статистика не дейді?

– Сандық мәліметтерге жүгірсек, 2021 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда ер азаматтардың 30,4 проценті, ал әйел адамдардың 25,7 проценті некеге тұрмаған. Әйелдердің 58,9, ерлердің 63,2 проценті отбасын құрған. Ал олардың ішінде әйелдердің 52,4, ерлердің 57 проценті ресми түрде некеге тіркелсе, тіркелмегендері ер азаматтарда 6,1, әйелдерде 6,5 процент деңгейін көрсетіп отыр. Ал дем-тұзды жараспай айырылысып кеткендердің үлесі ер азаматтарда 4,5 процентті құраса, әйелдерде 7 процентке жеткен. Азаматынан айырылған әйелдер үлесі – 8,4 процент, ал зайыбынан айырылған ерлер саны 2 процент. Иә, отбасы құрғандардың үлесі айтарлықтай өскен, 38,7 процентке өсім бар. Бірақ отбасы мүшелері саны айтарлықтай азайды.

– Қазір бала сүйісі келмейтіндер жайлы не айта аламыз? Жалпы, чайдлфри иеологиясының танымал болуына не себеп?

– Чайдлфри – саналы түрде баланы қаламау. Мүмкін, түрлі травма, ауруларға байланысты балалы болу мүмкіндігі жоқтар болуы да ғажап емес. Бұл – баласыз адамға қарама-қарсы ұғым. АҚШ-та бұл ұғымына қарама-қайшысы пайда болған. Түптеп келгенде бұл – бала сүйе алмайтын адамдардың құқығын қорғау үшін пайда болған ұғым. Кең етек алуы, әйел адамдардың эммансипациясының

жоғары болуымен, жеке эгоистік, индивидуалды көзқарастарының кеңеюімен байланысты. Біздің елде қаншалықты дамығанын айта алмаймыз. Өйткені статистика бұл ұғым белгіленбейді. Негізінен бұл субкультура ретінде көбіне жастардың арасында да бар болуы мүмкін. Балалы бола алмайтын адамдардың арасында болады. Біз мүмкін бұл мәселені біз жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайдан, жеке ментальдық көзқарас бойынша қарастырғанымыз дұрыс болуы мүмкін. Өлі өз адамын таппай, тұрмыс құрмай жүрген адамдардың арасында да бұл үрдіс кең тарауы мүмкін. Бұл – терең зерттеуді қажет ететін мәселе.

– Статистикадан тыс біздің елде қандай демографиялық зерттеулер жүріп жатыр?

– Демографиялық мәселелерді қарастыратын не өкілетті орган, не зерттеу институты жоқ. Елде біз айтып отырған тақырыпта гранттық зерттеулер болған. Соның бірі – Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігінің деңгейін бағалау. Негізі өлшемдердің индикативті жүйесін және Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігі деңгейін бағалаудың алгоритмін әзірлеп, оған сай өңірлік және республикалық деңгейлерде демографиялық тәуекелдер мен теңгерімдерді бағалау бағытында зерттеу жасалды. Бұл өткен жылы аяқталды. ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігінің гранттарының арқасында осындай зерттеулер жүргізіліп жатыр.

– Салаға қатысты қандай өзекті мәселелер бар?

– Алдыңғы кезекте демографиялық саясаттың жүргізілмеуін айтар едім. Яғни, бізде не концепция, не заң жоқ, не бір бағдарлама жоқ. Екінші кезекте – өкілетті органның жоқ болуы. Демографиялық процестер түрлі мемлекеттік органдар арасында бөлініп қарастырылады. Тағы бір мәселе – бірыңғай зерттеу институты жоқ. Барлық жүргізіліп жатқан зерттеулер гранттың есебінен жүзеге асуда. Олар тұрақты емес, бір реттік зерттеулер. Бізде альтернативті сценарийлік демографиялық болжамдар жоқ. Мемлекеттік басқаруда демографиялық ахуалды негізге алмайды. Соның салдарынан қазіргі таңда өңірлерде инфрақұрылымдық проблемалар көптеп кездеседі. Әсіресе, мұндай түйткіл Астана қаласында бар. Сонан соң



мемлекеттік субсидия алу арқылы түрлі бағдарламалардың эффективті емес болуы сол жерлердегі демографиялық ахуалды, жұмыс күшінің деңгейін қарастырмаудан туындайды.

– Жұмыс күші деп айтып қалдыңыз. Елдегі азаматтардың орташа жасы қандай және ол қай салаларға әсер етеді?

– Басқа елдермен салыстырмалы түрде біз жас мемлекет болып есептелеміз. Халықтың орташа жасы зерттеулер нәтижесінде 32 жас болып белгіленді. Ал әлемге көз салсақ, бұл көрсеткіш әрқилы. Мәселен, Еуропа елдерінде, Корея, Жапония, Қытай мемлекеттерінде қартаю деңгейі өте жоғары. Олардың жасы әлдеқайда туу. Орта жастың ұлғаюы алдымен туу деңгейіне әсер етеді. Әсіресе әйел адамның жасы үлкейген сайын бала тууға қабілеттілігі төмендей бастайды. Сонымен қатар Латын Америка елдерінде қартаю деңгейі жоғары. Бұл жағдайлар туу көрсеткіші төмен елдерде көптеп кездеседі. Туу деңгейі жоғары елдерде әсіресе, Азия, Африка елдерінде орта жастың ұлғаюы кішірек болады. Ең аз ететін жерлерін алып қарасақ, бұл еңбек күшіне, демографиялық көрсеткіштерге әсері жоғары. Орта жас ұлғайған сайын халықтың көші-қон қабілеті де азая түседі. Жалпы алған кезде экономикалық өнімділікке әсері жоғары болады. Әлеуметтік салалардың дамуына да кері ықпалы болады. Бұл жағдайда біздің елдегі көрсеткіш көңіл көншітерлік. Орта жастың ұлғаюы денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет саласына да орасан зор ықпал етеді.

– Уақыт тауып, сұқбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Өңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

Әрине, әлеуметтанушылар дұрыс диагноз қойып жүр. Республикалық деңгейдегі әлеуметтік зерттеу орталықтарымен тығыз жұмыс істеймін. Бүгінгі таңда билік үшін бұл ұйымдар саяси кеңістікті шарлауға, проблемаларды табуға және оларды шешуге мүмкіндік

есептеу керектігін түсіндірсеңіз. Қорытындыны өзіміз жасаймыз» дейді. Бұл – қате ұғым, теріс түсінік. Өйткені әлеуметтану өз маман иесімен жүзеге асатын ғылым саласы. Талдау мен түйін тарқатуға терең ізденіс керек. Көпденең кірісу күрмеулі мәселенің шешімін таппайды.

жасайды дейді жұрт. Бұған көзқарасыңыз қандай?

– Қалай болғанда да, әлеуметтік зерттеу тұжырымын өзгермейтін шындық ретінде қарастыру керек. Дегенмен сауалнама белгілі бір ескертумен қоғамның жай-күйін бағалауға болатын термометр сияқты. Әлеуметтану, ең алдымен,

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ ӘЛЕГІ НЕМЕСЕ ӘЛІПТІҢ АРТЫН БАҒУ

беретін сезім мүшелері сияқты. Қарапайым адамдар үшін елде орын алған өзгерістерді бағамдауға мүмкіндік беретін ақпарат көзі.

– Өзіңізге белгілі, өте жылдам зерттеу 1 аптадан 2 айға дейін созылады. Қысқа мерзімде қабылданған шешім шикі болуы мүмкін бе? Нәтиже қаншалықты нанымды болмақ?

– Егер ол кәсіби мамандармен жүзеге асырылса, болжам мен ұсыныс нақтыланса уақыт мәселе емес. Әлеуметтануға немесе әлеуметтік зерттеуге қызығушылық танытатын тұлғалар келіп «Бізде осындай мәселе бар. Зерттеуді қалай жүргізіп, зерттеу құралдарын дайындап, оны қалай



– Кейс зерттеу болашақты болжауға, қоғам құбылысын тануға қаншалықты ықпал етеді?

– Әлеуметтанушы зерттеу жүргізгенде «не білгім келеді?» деп деп өз-өзіне сұрақ қою керек. Соның аясында нәтиже мен мақсатқа жету үшін аянып қалмайды. Яғни кәсіби қызығушылықпен жұмыс істеген тиімді. Негізі кешенді әлеуметтік зерттеуді ұйымдастыру үшін қомақты қаражат бөлінеді. Сондықтан материалдық жағдай емес, кәсіпке адалдық басым болғаны ләзім.


Жаңаға құмар, іске бейім білікті маман дәйекті дерек тауып, қоғам құбылысын дөп басатыны ақиқат.

– Салаға сын тағатындар жоқ емес. Сараптаманы тек саяси науқанда

ғылым болғандықтан әлеуметтік шындықтың нақты әдіснамалық принциптерімен басқарылады. Сонымен қатар жалпы ғылыми принциптерге сүйенеді, шындыққа қызмет ету, адамның ақпараттық, мәдени және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру секілді. Демек шешімді шынайы емес деп, астар іздеудің қажеті жоқ.

– Жастардың әлеуметтануға қызығушылығы қандай? Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы ретінде сабақ процесімен бөліссеңіз...

– Әлеуметтанудың бағыттары өте кең. Сондықтан бәрі студенттің ұмтылысына байланысты. Жарнама, маркетинг, аналитика, экономика немесе ғылыми сала (академиялық әлеуметтанудың өзі) болсын, кез-келген саланы зерттеуге мүмкіндік бар. Дегенмен өңірдегі жоғары оқу орындары кәсіби әлеуметтанушы дайындамайды. Тек бакалавриаттың білім беру бағдарламасын міндетті пән ретінде оқытамыз. Жастардың қызығушылығы жоғары,



Әлеуметтану ғылымы адамды зерттеу объектісі ретінде қарастырып, соған қатысты дүниеге болжам жасайды. Осы ретте стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасының топ жетекшісі Мария Махамбетовамен тілдескен едік.

құлшынысы зор. Ғылыми жоба, дипломдық, магистрлік сынды жұмыстың практикалық бөлімінде тақырыпқа сай әлеуметтік зерттеу жүргізеді. Соған сай жаңа идея мен ұтымды ұсынысын айтып жатады.

– Өзіңізді толғандырып тақырыпқа талдау жүргізесіз бе?

– Әрине. Тікелей қызметтік міндетіме кіретін университеттің экономикалық, мәдени, рухани, саяси, әлеуметтік, инновациялық тіршілік салаларын зерттеу бойынша зерттеу жүргіземін. Бұл – жауапты әрі қызықты іс.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Замира ҚОНЫСЖАН



– Қоғамға қажеттісі әлеуметтік зерттеу. Сіздің ше, әлеуметтанушылар динамикалық заманда дұрыс диагноз қойып жүр ме?

– Әлеуметтік зерттеудің мәні шындық туралы түсініктерді ұғуға және кеңейтуге мүмкіндік береді. Көбінесе өмір сүріп жатқан әлеуметтік шеңбермен шектелеміз, бәрі біз сияқты ойлайды деп тұжырымдаймыз. Дегенмен әлеуметтік зерттеу жеке идеялардың шекарасын кеңейтеді. Сондай-ақ түрлі себепке байланысты көрмейтін немесе көргіміз келмейтін дүниені түсіндіруге қауқарлы.

Жалғасы. Басы 1-бетте

– Жасыратыны жоқ, көлік көбейді. Қалада қозғалыс көп. Осы ретте жолда жүру ережесіне қатысты деректер не дейді? Өсті ме, азайды ма?

– Жол қауіпсіздігін бақылау мен көше-жол желісіне тексеру жүргізу, жол-пайдалану қызметін жақсарту мен инфрақұрылымына жауапты мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жандандыру, бейнебақылау жүйесін кеңейту, жол қозғалысы ережелерін бұзуды автоматты түрде тіркеу жүйесін белсенді қолдану мәселелері қатаң қадағалануда. Есептік мерзімде жүргізушілердің ережені сақтамауы нәтижесінде жол-көлік оқиғасы, одан жарақат алғандар саны өскен. Жолда жүру ережесін бұзудың 171 мыңнан аса дерегі анықталса, оның 95 мыңнан астамы жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылықтар деп танылды. Дәлірек айтсақ, масаң күйде көлік басқару – 717, қарсы бағытқа шығу – 201, жылдамдық асыру – 78 841, ұялы телефон қолдану – 2208, жаяу жүргіншіге жол бермеудің 2 411 дерегі анықталды. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында күнделікті талдаумен осал жерлер нарылдан тығыздалды. Тұрақты түрде «Қауіпсіз жол», «Заңсыз жолаушы тасымалдаушы», «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі», «Автобус», «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шаралары жүргізілуде. Мобильді кешендер елді-мекендерге патрульдеуге жұмылдырылуда.

– Көбіне мына жол белгілеріне байланысты коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне сұрау салып жатамыз. Кейбір талдан көрінбей қалады, кейбірі қисайып, құлап жатады. Кейбір жолдардың апандай ойығы көліктің қарсы бетке шығып кетуіне себеп. Мұндай бағытта тиісті бөлімдерге хабарлассақ, оның барлығын құзырлы орындардың берген бағытымен жөнделетінін айтады. Бұған не дейсіз?

– Иә, бұл бағытта қол қусырып қарап отырған жоқпыз. Біздің елде адам капиталы басты байлық болса, сол байлығымыздың аман-есен болуына еңбек етеміз. Сіз айтқандай нашар жолдар да бар, жол белгілерінің кем-кетігі де жоқ емес. Осы ретте аппараттық кешендер мен зияткерлік қиылыстар «МегаКамҚорғау» мобильді бағдарламасына қосылып, штаттық режимде жұмыс жасауда. Автожолдарды тексеру жұмыстары жүргізіліп, 1 572 ұйғарым шығарылды. Ал биылға арнап жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 35,8 млрд теңге бөлініп, ұзындығы 585 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстар алда да жалғасын табады.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық деп жатамыз ғой. Бұрын осы бір ұғым «бас сынса, бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» қала беретін. Қазірде отбасылық мәселелер мінберге шығып кетті.

– Оныыз рас. Биыл тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң қатаңдады. Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайтынын атап өтіп, алдын алу бағытында тиісті шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Осы ретте Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін заңнамалық өзгерістер енді. Алдын алу



Тәрбие түзелмей, құқық бұзушылық арта береді

бағытында қорғау нұсқама шығару, ерекше талап белгілеу жұмыстары жақсарғанмен, отбасы-тұрмыстық саласындағы қылмыстар 50 процентке арқан. Аталған қылмыстардың қатысушылары (күдіктілер мен жабірленушілер) бұрын полицияға жүлбеген және ІІО-да есепте тұрмаған тұлғалар. Қылмысты болдырмау бағытында ӘҚБТК-нің 73-бабымен жауапкершілікке тартылған барлық тұлғалармен және отбасы-тұрмыстық қатынаспен шағымданғандармен профилактикалық шаралар жүргізілуде. Бала – ел болашағы. Ендеше сол балалардың жақсы тәлім-тәрбие алып, ел тәуелсіздігінің тұғырлы болуы жолында аянбай еңбек ететін азамат болып жетілуі үшін бәріміз де бір кісідей атсалысу қажет. Кешегі бірлік пен ауызбіршілікті ту етіп, бір отбасынан асып, бүкіл елге ақыл айтып, араздасқандарды бітістіріп, айырылысайын деп жатқан отбасылардың басын қосып жүретін ақ жаулықты аналарымыз бен ақ сақалды әкелеріміздің сара жолы қайда қалды? Баланың көзінше бір-біріне дауыс көтермеуші еді тәрбие теріс болады деп. Қазір ұрысу былай тұрсын, ұруды қойдыра алмай келеміз. Бір тентекті ел ішінде тезге салатын бұрын. Қазір оны заңға тапсырамыз. Ешкім жазасыз қалмайды.

– Сөзіңіздің жаны бар. Қазір бала тәрбиесін қоғамға ысырып тастайтын ата-аналар көбейгені рас. «Қызым – үйде, қылығы – түзде» дейтін қазақ қайда? Елдің келешегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ. Бірақ соны кейде түсінбей жатамыз...

– Сөзіңізбен толықтай келісемін. Бүгінде балаларының немен айналысып жатқанына мән бермей, жұмысбасты болып жүрген ата-аналар да бар. Осы олқылықты жоюға атсалысу керек. Кәмелетке толмағандардың тәрбиесіне көңіл бөлмеу – олардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтың негізгі себептерінің бірі. Сондықтан облыстық полиция департаментінің қызметкерлері жасөспірімдер тәрбиесіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы тиімділігін арттырудың түрлі шараларын жүзеге асырып келеді. Кәмелетке толмағандармен және оларға қарсы жасалатын

қылмыстардың алдын-алу мақсатында «Жасөспірім – көше», «Заң – бала – қауіпсіздік», «Түнгі қаладағы балалар», «Түнгі қала», «Жасөспірім» атты жедел профилактикалық іс-шаралары өткізілді. Мәселен, 6619 құқық бұзушы ішкі істер органдарына жеткізілсе, оның ішінде түнгі уақытта заңды өкілсіз тұрғын-жайдан тыс жерде жүрген 5255 кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Рейдтік шаралар барысында түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 117 кәсіпкер, жасөспірімге алкоголь өнімін сатқаны үшін 10 сатушы анықталды. Полиция есебіне 108 жасөспірім, 111 қолайсыз отбасы алынды.

– Шетел азаматтарына байланысты тек құрылыс жұмыстары кезеңінде ғана емес, барлық уақытта тексеру жүргізілетін шығар... Әйтпесе, босансұтын сәтті аңдып, табысын арттыруға кірісетіндер жетіп артылады.

– Тәртіп – қай кезде де, қай жерде де тәртіп. Облыс аумағында 19 035 шетел азаматы уақытша тіркеуге алынды. Тарқатып айтсақ, оның 18 660-ы – ТМД елдерінен, ал 375-і – алыс шетелден келгендер. 1 599 көші-қон заңнамасын бұзу дерегі анықталып, 82 шетелдік елден шығарылды. Көші-қон саласындағы заңнамасын қайталап бұзуды болдырмау мақсатында күн сайын ҰҚК, прокуратурамен бірлесіп рейдтік іс-шаралар өткізілуде.

– «Жұмыстың жеңілі жоқ» дейміз ғой. Бірақ қазір бұрынғыдай арқаны кеңге салып, қоқысты кез келген жерге лақтырып, білгенін істейтін уақыт емес. Өйткені, қаланың түкпір-түкпірін кішкентай экран арқылы көріп отырмыз, заң бұзушылықты хабарлағанда дереу барып, тәртіп бұзушының «желкесінен бүріп» алып жүрміз. Жұмыстың автоматтандырылуы туралы осылай айта аламыз ба?

– Әрине, бүгінгі таңда ішкі істер органдары ауқымды және сапалы өзгерістер енгізді. Жұмыс процестерін цифрландыру және оңайландыру шаралары қабылданып жатыр. Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау, полиция қызметінің халыққа ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында полиция бөліністерінде жаппай бейнебақылау 100 % іске қосылды. «Электрондық қылмыстық іс

жүйесі» аясында жеке құрам 100 процент қамтылып, қазір қылмыстық істер электрондық форматта

тергеліп жатыр. Бұл жүйе азаматтарға тергеп-тексеру барысын қадағалауға мүмкіндік береді. Қоғамдық орындарда, мектептерде, сауда-ойын-сауық орталықтарында шұғыл шақыру жүйелеріне «Дабыл батырмалары» орнатылды. Олардан түскен сигнал дереу жедел басқару орталығына немесе полицияның жақын маңдағы кезекші бөліміне түседі. Мемлекет пен қоғам арасында ашық қарым-қатынас моделі құрылды. Мұның барлығы жұмысты жақсартпаса, әлсіретпейді.

– Жоғарыда кері байланыс, мамандардың сапасы туралы айтып өттіңіз. Осыны толықтырып өте аласыз ба?

– Полиция қызметкері өзіне артылған сенімді ақтауда алдымен патриоттық сезімді, әділеттілікті, абыройлы болуды негізгі ұстаным етуі қажет. Полиция қызметкерінің жұмысын оңай деп ойлайтындар жаңылысады. Себебі қызметкердің басты ұстанымы мен адастырмас темірқазығы – ар-оқданының алдында таза болу, қиындықтарға төзу. Міндеті – заңдылықты сақталуын қадағалау, қылмыстың алдын алу. Тәртіп үшін заңнан мәртебелі ештеңе жоқ. «Заң бәріне бірдей. Азаматтар заңдылықты нығайту жолында жұдырықтай жұмылса ғана қоғамда әділдік орнайды. «Әділетті Қазақстан – Заң мен тәртіп үстемдік құратын ел», – деп Мемлекет басшысы атап көрсетті. Міне, осы тұрақтылық пен келісімді, бейбітшілікті, тұрғындарды қорғайтын, елдің тыныштығын сақтайтын – біз, құқық қорғаушылар. Бұл қоғамдық тәртіпті сақтау саласына аса маңызды міндеттер жүктейді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын ойдағыдай жүзеге асыру бағытында халыққа сапалы қызмет етіп, жұртшылықтың мәселелерін терең зерделеп, оны түбегейлі шешу үшін жұмыс істеуіміз қажет. Біздің қазіргі мақсат-мүдделіміз осы.

Әрине, әр саланың өз кем-кетіктері болатыны айқын. Әр ісімізге сыншы – халық. Халықтың бізге арқан сыны мен ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, қандай да бір кемшіліктерді жоюға тырысып келеміз. Яғни, айтылар сынға да, ұсынылар ұсынысқа да ашықпыз. Қолжетімдіміз. Ынтымақтасып жұмыс жүргізуге де дайынбыз.

– Сұқбатыңызға рақмет. Еңбегіңізге жеміс тілейміз.

Өңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН



Қоғамда тәртіп болмаса тыныштық кетеді. Өсіресе, кәмелеттік жасқа толмағандардың түн ішінде көше кезіп, қалада кезіп жүруі өрескел әрекеттің өршуіне ұласады. Текетіректен туындайтын төбелес те талайын тығырыққа тіреп жүр. Бірақ сабақ алатындар бірен-саран. Интернетті шулатқан «Жүгір немесе өл» ойыны да жасөспірімдер арасындағы қауіпті үдетті.

Бағымызға орай, өңірде орын алмаса да, сақтықты сақтауға негіз болды. Тәртіп сақшылары түнгі уақытта жастарды жіті қадағалап, амандығы үшін алаңдап бақылауды күшейтуде. Әлбетте, жастарды жамандыққа үйір деп сөкпейміз. Дей тұрғанмен, қажет кеңеске құлақ түрмей, қылмысқа ұрынатынын қаперде ұстамайды. Соның салдарынан ата-ана да айыппұл төлеуге мәжбүр. Шоғырланған адам көп жерде шудың да болатыны бесенеден белгілі. Сондықтан бұзақылықтың басталып, оқыс оқиғаның орын алуына жол бермеу бәрінен маңызды.

– 20-30 қараша аралығында «Құқық тәртібі» рейді жүргізілді. Мақсат – қала көлемінде тәртіпті қамтамасыз ету, көшелерде, басқа да қоғамдық

орындарда кәмелетке толмағандардың арасында және оларға қарсы жасалатын қылмыстарды, оның ішінде жыныстық қолсұғылмаушылық, топтық төбелес, суық қаруды тасымалдау, болсалау сынды қылмыстардың алдын-алу, қылмысқа бейім оқушылар мен студенттер арасында құқыққа қайшы іс-әрекеттерге баруына жол бермеу, кәмелетке толмағандарға алкоголь

өнімдерін, темекі бұйымдарын сату бойынша іске тоқтам қою.

Бір апта ішінде 52 кәмелетке толмаған жастың түнгі уақытта жүргені анықталды. Сонымен қатар қоғамдық орында масаң күйде және сыртта заңды өкілсіз жүру бойынша бірнеше факті тіркелді. Егер плейстейшн, кинорум, басқа да ойын-сауық мекемелерінде ұсталған жағдайда ата-анасына айыппұл салынады. Сондай-ақ, кәмелет жасқа толмаған баланы сағат түнгі оннан кейін қабылдағаны үшін де орталыққа ескерту жасалады. Қазір куәлікті фотошоппен

өңдейтін жастың бары жасырын емес. Полицей қыз-

меткері психолог десем де артық емес. Сөзі мен ісі һәм қимыл-әрекетіне қарап бәрін бағамдаймыз. Сондықтан айласын асыруға жол бермей, тексеруді күшейтеміз. Электронды планшетке ЖСН тіркеу арқылы жеке мәліметі анықталады. Егер фотошоп екені айқын болса, қылмыстық із қозғаймыз, – деді ювеналды полиция бөлімшесінің аға учаскелік полиция инспекторы Нұрбол Алдабергенов.

Жас өскін арасындағы у-шу күз және көктем айында үдей түсетін көрінеді. Оқуға қабылданған студенттердің қиғылығы мен жанжалы бақылауды қажет етеді. Сондықтан қыркүйек-қазан аралығында тәртіп бұзушылық орын алмас үшін полиция қызметкерлері де тынбайды. Талас пен тартыс адамға абырой әперген емес. Соған қарамастан топтық төбелес те жиі тіркеледі.

– Қала 15 аймаққа бөлінген. Әрқайсысында 3-4 қызметкер белгіленген аумақ тыныштығын назарда ұстайды. Темірдей тәртіп орнау үшін қатаң қадағалау керек. Жастарды бақылай отырып, теріс әрекетке тосқауыл қоюға тырысамыз. Осы бағытта

патрульдік, учаскелік және ювеналды полиция қызметкерлері жұмыла жұмыс істейміз. Ойыннан от шығатыны белгілі. Сондай мезетте төбелес болса, суық қару, пышақ бары тексеріледі. Анықталған жағдайда ата-анасын шақыртып, құралын тәркіліп, сараптамаға жібереміз. Қорытындыға сәйкес шешім қабылданады. Мәселен, өткен айда білім алушылар арасында кикілжің орын алды. Соған қатысты қазір қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүргізілуде, – деді полиция қызметкері Н.Нұрланбекұлы.

P.S.
Ескерту көбінесе мандайға сор болып, ата-ана қалтасына да салмақ түседі. Егер есепке алынса, кейін қызметке орналасуына кедергі болмақ. Сондықтан полиция қызметкерлері мектеп пен колледждерге барып, аптасына бірекі рет студенттерге, ата-аналарға бөлек жиналыс жасап, түсіндірме және сауалнама жүргізіп отырады. Тек тәртіпке бас игеннің құл болмайтынын ұмытпасақ игі.

Замира
ҚОНЫСЖАН



MADENIET



Сырдың сұлуы Ақтолқын Таңатарова – тыңдарман қауымның ықыласына бөленіп жүрген сахна саңлағы.

Ақтолқын ата-анасының қалауымен болашағын қаржы саласымен байланыстырған. Алайда жаны музыканы қалаған соң өнердің өшпес ізін жалғастыруды ұйғарған екен. Кейіпкеріміз республикалық, облыстық, қалалық дәрежедегі байқауларға қатысып, жүлде еншілеген. Бүгінде ол Сәбира Майханова атындағы мәдениет үйінде әнші.

«Музыкаға деген махаббатым бала кезден басталды. Кішкентайымнан өн тыңдағанды ұнататыным. Жүрегіме жақын әндердің сөзін жаттап өстім. Алғаш сахнаға шыққанда қобалжыдым. Ата-анамның арқасында бұл сынақтан өттім. Әр бала үшін үлкен сахна қашанда ерекше әсер қалдырады. Менің де есімде сақталыпты. Бірте-бірте өзін-өзі ұстау, сахнада еркін тұру сынды тәсілдерді меңгердім. Көрерменнің қошеметі, ыстық ықыласы арқылы барлық қорқынышты жеңдім. Бүгінде өнерге қызығатын балақайларды көрсем, өзімнің бастан кешкен оқиғаларым еске түседі. Әр жас өнерпаз болшақта өзіндік қолтанбасын қалыптастырса деймін. Сол үшін де қажет кезде қолдауға лайынмын, – дейді Ақтолқын.

Әншінің «Өмір сүруден шаршама», «Сүйгеніммен бақыттымын», «Шын ғашықпын» атты тартуы қызылордалықтардың сүйіп тыңдайтын әндеріне айналды.

«Әр адам өздігінше өнерлі. Сол себепті адам жүрегінен туған еңбекті бағалауы қажет. Өркімнің талғамы бөлек, таңдауы дара. Жақсы-жаман деп бөлуге болмайды», – дейді Ақтолқын.

Кейіпкеріміздің жанына жақын жанры – лирика. Репертуарында 12-ден астам ән бар, алда жарыққа шығатындары да бар. Кейіпкеріміз Мақпал Жүнісова мен Әйгерім Мамырованың өнерін ерекше бағалап, олардың туындыларынан шабыттанынын айтады.

«Көп әншілерді ерекше бағалаймын. Оларға құрметпен қараймын. Аға-буыннан үйренерім көп. Бүгінге дейін әр жеткен жетістігіме балаша қуанамын. Сахнаға шығып, әнді орындағанда халықтың ықыласына бөленуді, көңілінен шығуды ескеремін. Себебі маған бөлген уақыты зая кетпесін деймін.

«Ютуб» каналыма әндерімді, оған түсірілген бейнебаянды жинақтап жатырмын.

Оқырмандарым күнделікті көбеюде. Жақында «Әке-ана» бейнебаянын жүктедім. Онда отбасыммен шаңырақ басында жиналғанымыз, бақытты өмір бейнеленген. Бұл клипті түрудегі мақсатым – өмірге әкеліп, жақсы тәрбие берген ата-анам алғыс білдіру. Барлығымыз ата-ананы құрметтеуге, сыйлауға міндеттіміз.

Мен осы бейнебаян арқылы жас буынның санасына осыны сіңіргім келеді», – дейді әнші.

Иә, бүгінгі таңда жеке «ютуб» арна арқылы кез келген әншінің жаңа туындысына баға бере аламыз. Оның ішінде тәрбиелік мәні бар дүние болса тек қуанамыз. Біздің кейіпкеріміз де осы пікірде.

Ол бос уақытында әншіліктен өзге хоббиімен айналысады. Аспаздыққа әуес, тәттілер дайындап, тапсырыс қабылдайды. Қосымша табыс көзі еш етпейді ол.

Нұршат НЫШАНОВА



Құралай Ұлыбританияда топ жарды

Қызылордалық әнші Құралай Мейрамбек Ұлыбританияда өткен «Golden Time Talent» халықаралық таланттар фестивалінде I орын иеленді.



Түрлі санаттағы гранд-финал онлайн форматта өтті. Жерлесіміз оған америкалық әнші Бейонсенің репертуарындағы «Listen» әнін орындап жолдаған. Ол табиғи талантының арқасында бір қатар мемлекеттің өнер иелері арасынан оқ бойы озып шықты. «Байқау Ұлыбритания астанасында жыл сайын өтеді. Оған еліміздің атынан қатысып, жеңіс тұғырынан көрінгендер бар. Мен де сол биіктен табылғаным өте қуаныштымын», – деді Құралай Мейрамбек.

Әнші – өнерлі әулеттің өкілі. Ата-анасы – музыка маманы. Бауырлары да осы салада жүр. Өзі «Шабит» қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі, «Қазақстан дауысы» жобасы 2021 жылғы жеңімпазы.

«GoldenTimeTalent» байқауының шарты бойынша ұйымдастырушылар жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шақырып, гала-концерт өткізуі тиіс. Сәті түссе, соған қатысамын», – деді әнші.

НЗМ мерейтойын атап өтті

10 жылдығын атап өткен НIS-тің тарихы мен табысты еңбектері көпшілікке таныс. Арнайы ұйымдастырылған көрмеде оқушылардың зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалары, ұстаздардың педагогикалық идеялары мен өнертабыстары көрініс тапты.

Салтанатты жиыңға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, мектеп ұжымының білім кеңістігіндегі жетістіктерін атап өтіп, облыс әкімінің құттықтау хатын табыстады.



Шарада зияткерлік мектептің білім, ғылым, өнер, спорт саласындағы бағындырған шыңы, тәрбие бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстары оқушылардың шығармашылығы арқылы көрінді. 10 жыл ішінде NIS-тің жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері мол. 2017 жылы Халықаралық мектептер кеңесінің (CIS) аккредитациясынан сәтті өтіп, білім сапасын растады.

Иновациялық өнертабыстар байқауларында оқушылардың «EcoDabyl» денсаулыққа тигізер зиянын арнайы анықтайтын платформа, үй жағдайында жүрек жұмысының ауытқуын және ауруларын анықтауға мүмкіндік беретін электрокардиограф, қоршаған ортаны бақылауға және талдауға арналған «Raysat» жүйесі, егін алқаптарының өнімділігін бақылау жүйесі, жасанды интеллект арқылы зағип жандарға арналған қоғамдық көлік нөмірін анықтау құрылғысы секілді IT жобалары қаржылай қолдау тапты. «Тәуелсіздік ұрпақтары», «Жас ерікті», «Үздік жас зерттеуші», «Жас ақын», «Жас эколог», «Жаңашыл мұғалім», «Үздік педагог», «Үздік математик» атақтары бар оқушылар мен ұстаздар мектеп абыройын асқақтатып жүр.

Айта кетейік, бүгін дейін оқушылар мен ұстаздар қоржыны 9 инновациялық патент, бір өнертабыс, 63 авторлық құқықпен толықты.

Университеттің «Құрметті профессоры» атағы берілді

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен Қажы Байрам Уәли (Анкара қ.) университетінің профессоры, философия докторы Хулия Касапоглу Ченгелге университеттің «Құрметті профессоры» атағы берілді.



Ғылыми кеңесте басқарма төрағасы – Ректор Бейбітқұл Кәрімова түркі халықтарының тілдерін, Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттеуде ғалымның еңбегі елеулі екенін атап өтті.

Түркі тілдерінің мәселелері мен көне жазба ескерткіштерді оқу, оларды тәржімалау ісінің білікті маманы білім алушыларға оқытушылар мен докторанттарға «Ғылыми зерттеудің әдіснамасы» тақырыбында бір ай бойы дәріс жүргізді. Сонымен қатар университетте «Академиялық жазылым: халықаралық тәжірибемен алмасу» тақырыбында ғылыми семинар мен дөңгелек үстел өткізіледі.

Ғалым Орхон-Енисей, шағатай тілдерінде жазылған көне қолжазбалармен жұмыс жасау техникалары, оларды ғылыми айналымға енгізу тәсілдерін үйрету және басқа да бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибесімен бөлісуде.

М.СНАДИН

КОРРУПЦИЯНЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫҚТАЙМЫЗ?

MASELE

«Қымбаттамаған не қалды?» Қазір көптің айтатыны осы. Азық-түлік бағасының шарықтауы, халақы және жұмыссыздық. Осы үш маңызды мәселе қоғамның бас ауруына айналып отыр. Құрлық асып құлпынай теріп, шетел барып құрылыс істейтін замандастардың қатарының артуы да осымен тікелей байланысты екені анық. Себебі танымал экономист, Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев айтпақшы, қарны аш адам патриот болмайды. Ал түйіні тарқамай тұрған түйтіктердің алдын алу үшін алдымен елде коррупцияны құрықтау керек дейді сарапшылар.

Жемқорлық аз елдер: Қазақстан қай орынға тұрақтады?

Шетелдік экономистер де егер ел байып, гүлденгісі келсе, жемқорлықты жою керек деген пікірде. Байқап қарасаңыз, жемқорлық кез келген елде бар, онымен барлық мемлекет күресіп жатыр. Дегенмен, Қазақстан US News 2023 рейтингінде 87 мемлекеттің арасында 75-інші орында тұр. ТМД елдері арасында сыбайлас жемқорлық бойынша Қазақстан Ресей мен Беларусьтен ғана алда. Өзбекстан, Әзірбайжан және Украинада Қазақстанға қарағанда жемқорлық аз. Жемқорлық ең аз елдер – Швейцария, Канада, Швеция, Аустралия және Нидерланд. Деректер бойынша елімізде сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізгімінде 1,2 мың жемқорлық бағытындағы қылмыс тіркелген, бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 17,7%-ға төмен. Олардың 855-і ауыр қылмыс, 283-і орташа, 43-і аса ауыр, 41-і ауыр емес қылмыстарға жатады. Сонымен қатар бізде лауазымын асыра пайдалану, бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иемдену, пара алуда делдалдық жасау және қызметтік өкілетін асыра пайдалану да кең таралғаны белгілі болып отыр.

Жаңа Қазақстанда жемқорлықтың жолы кесіледі

Шетелдік тәжірибе шет қалмасын. Мысалға, Оңтүстік Кореяны алайық. Елдің соңғы президенттері жемқорлық бабымен айыпталып, қызметінен қуылғанына қарамай, бұл елдің тұрмыстық парамен күрес тәжірибесі тың екенін байқауға болады. 1999 жылдан бері мұнда OPEN жүйесі қолданыста. Бұл – азаматтардың өтінішін онлайн режимде қарастыратын жүйе. Сондай-ақ жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң жағдайды анағұрлым түзеген. Заңға сай, жемқорлық фактісін көмелетке толған кез келген азамат зерттей алады. Бұдан бөлек, шендінің пара алу туралы азаматтар жазған әрбір арызы бөлек қарастырылады. Көпке үлгі болған Сингапурдың тәжірибесіне де назар аударуға болады. Себебі мұнда жемқорлықпен күрес бюросының саяси мүмкіндігі мол. Орган тек мемлекеттік органдардың ғана емес, жеке сектордағы паракорлықтың да жолын кесуге тырысады. Сондай-ақ бюро мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына зерттеу жүргізіп, қай

жерде заңсыз табыс табу мүмкіндігі бар екенін анықтап, алдын алу шараларына мән береді.

Сыбайлас жемқорлыққа аяусыз соғыс жарияланған елдің бірі – Қытай. ҚХР-да жалғасып жатқан модернизациялық процестердің нәтижесі ауыз толтырып айтарлықтай. Мұндағы жемқорлыққа қарсы күрес барған сайын ауқымын кеңейтіп келеді, нәтиже де бар. ҚХР төрағасының әрбір шенеунік «Лас қол» шабылатынын есте ұстау керек» деген сөзі Қытай үшін қазір бұрынғыдан да өзекті. Елдің құқық қорғау және сот жүйесін реформалауды жариялаған жаңа Қазақстан бұл елден тәжірибе алмасу артық етпейтіні анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ел дамуына кедергі келтіріп отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту мәселесін күн тәртібінен алған емес.


– Жаңа Қазақстанның мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттыру, табыс алшақтығын жою, жұмыс орындарын ашу және инфляцияны тежеу. Біздің барлық күш-жігеріміз миллиондаған қазақстандықтың қауіпсіздігі мен тұрмыс жағдайының сапасын жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте жемқорлықты жою маңызды болып қала бермек. Осындай қылмысы үшін сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салынды. Бұдан былай олардан қайтарылған қаражат мектеп салуға жұмсалады. Сондай-ақ кеселмен күрес тиімді болу үшін мемлекеттік сатып алу жүйесіне бірқатар өзгеріс енді, – деген болатын Мемлекет басшысы.

Мәліметтерді парақтасақ, қор арқылы бүгінде еліміздің бірқатар өңірінде, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 76 мың орынға шақталған 62 мектептің құрылысы қаржыландырылған. Қор құрылғалы есепшотына 151,6 млрд теңге түскен. Қордың қызметі мектептерді, қосалқы ғимараттарды және интернаттарды салу және қайта жаңғырту арқылы үш ауысымдық мектептер мен апатты оқу орындарының мәселелерін шешуге және жалпы білім беру мекемелеріндегі орын тапшылығын жоюға бағытталып отыр.

Өзіміз кедей болғанмен, еліміз бай болса...

Қорытындыны қазақтың белгілі қоғам қайраткері Нұршат Оңдасыновтың «Үш тазалық» даналығымен түйіндесек. «Біріншіден, қанша жыл қолымда билік болса да, біреуден бір тивін да пара алмадым – Қолым таза! Екіншіден, үштіктің бірі болып, біреудің сыртынан қол қойған емеспін, яғни ешкімнің қаны мойнымда жоқ – Арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген де, тіптен ешкімнің ешқашан жүзін сұраған да емеспін – Жүзім таза!» деген екен ол.

Кезінде Бөлтірік шешен де қолындағы бар малды көрші-қолаң, ағайын-туыстарына түгел үлестіріп бергенде бір манап: «Уа, Бөлтеке! Малдың бәрін таратып бердіңіз, өзіңіздің де келіп-кетім қонақтарыңыз бар емес пе? Бір-екі тоқты-торым қалдырсаңыз етті» деп ой қосқан деседі. Сонда шешен: «Бұл халық менің кедей екенімді білмейді дейсің бе? Маған қонақ келсе, мына сендер күтесіңдер. Өз алдыма мал жиып қайтейін?» деп жауап қайырған екен. Бұл өңгіменің астарында өзінен бұрын елінің бай болуын қалайтын ұлы мұрат жатқандай. Шынында, өзіміз кедей болғанмен, еліміз бай болса, сол бай елдің шаралаты бәрімізге де тиетін бе еді?!



Қазақтың қолөнері ұлттық мәдениетіміздің маңызды бөлігі екені бәрімізге мәлім. Себебі қолөнер ұлттың ұлылығын айықтап, тамыры терең тарихтан сыр шертіп, қазақы қалпымыздың даралығын айқындай түседі. Сондай-ақ, оң қолынан өнер тамған шеберлердің төл туындыларынан биік талғамның, әсемдіктің жарқын үлгісі анық байқалады. Халқымыздың шежіреге бергісіз тарихынан, рухани болмысынан, таным-түсінігінен айтарлықтай мәнді мәлімет береді. Сондықтан да ұрпаққа жалғасқан өміршең өнер ұмытылып, рухани құндылығымыздың құны кеміп, ұлттық мәдениетіміздің мәні жоғалады деу әбестік болар.

Қолөнердің қалыптасуы, дамуы тарих беттерінде бүгінге дейін таңбаланып тұр. Яғни, көне замандардан бастау алып, түрлі тайпалардың мәдениетінен құралған. Бүгінде жандандырып жолында қайта жаңғырып, дамудың нәтижесінде дәстүрлі қолөнерге айналды. Негізінен қолөнердің сан алуан салалары бар екендігі белгілі. Мәселен, зергерлік бұйымдарды дайындау, музыкалық аспаптарды жасау, киіз үй тігу немесе басу, ат әбзелдерін дайындау және өзге өнерлер жатады. Әрине, мұның бәрін даярлау шеберлігі шындалған шеберлердің ғана олардың тұтынушыны алдамай сатаатын адал еңбегінде. Әлдебір бұйымды жасау барысында әр бөлшегіне мән беріп, ұлттық сипаттағы нақышты бейнелеуде жан тәнімен білек сыбана белсене кірісетіндігінен кәсіпке деген адалдығын аңғаруға болады. Демек, еңбексүйгіштігімен еленетін қолөнершілердің ұлттық құндылықтарды насихаттауда алатын орны зор. Қазақ өнерінің өн бойындағы ерекшеліктің бәрі, өрнектелген оюдың әрқайсысы қазақ деген ұлы ұлттың бар екендігін жаһанға жариялап, әлемге паш етіп танылатындай танымды өнер десек артық айтқандық емес.

Алғашында тұрмыстық заттарды, күнделікті тіршілікке қажетті бұйымдарды жасаудан басталған берекелі іс ұлттық өнерге жалғасты. Ежелден қалыптасып, ғасырлар тоғысында жаңғыра түскен кәсіпшіліктің көрсеткіші жоғары, тарихы тым тереңде. Сонымен қатар бабадан мирас боп қалған рухани құндылықты санамен сіңіріп, өнерді



өң бойына дарытып, дарындылығымен дараланған, ерекше ептілігімен көзге түскен шеберлердің ел ішінде құрметі артып, абыройы асқақтай түскен. Олай болса, тұмса табиғатпен берік байланысқан, шежіренің шерін тарқатарлық құдіреті бар қадірлі өнердің түрлерін түс-төп, туындылармен танысып көрелік.

АҒАШ ӨНДЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Қазақ халқы тұрмыс тіршілігінде ағаштан жасалған бұйымдарды бағзыдан бері қолданып келеді. Бұған себеп ағаштың оңай табылуы ғана емес, жазда жайлауда, қыста қыстауда жүретін көшпелі өмір салты үшін маңызы ерекше болды. Жалпы, ағаш өндейтін ұсталардың атқаратын жұмысы көп. Құрал-сайманын қасынан бір елі ажыратпайтын ұсталар киіз үй бөліктерінің барлығын өз қолымен жасап шығарған. Сондай-ақ, ерлер үшін аса қажетті еңбек құралдарын дайындап, соған сай мықты болу үшін ағаш өнімін де өзі таңдап, қайың, үйеңкі секілді ағаштарды пайдаланған. Ал, ағаш өрнектеу өнерін меңгерген ұсталар сәндік қолданбалы өнердің қолданысын арттырып, әр дайындаған бұйымына ою түсіріп, көркем өрнектерді бейнелеуде зор ықылас танытқан. Айта кетейік, шеберлер домбыра,

қобыз, жетіген секілді музыкалық аспаптарды және күнделікті өмірде қолданатын күбі, тостаған, ожау сияқты түрлі ыдыстарды да жасаған. Қазіргі таңда қолөнер саласына аса қызығушылықпен қарайтын, өз істерін ыждағаттылықпен орындайтын шеберлер көп-ақ. Әсіресе, қос ішегінде ұлттымыздың сан ғасырлық шежіресі баяндалатын қара домбыраның үні үзілмесін, сайын даланы тебінтен Қорқыт қобзының қасиеті мен қадірі жоғалмасын деген мақсатта орындаушылардың орынды талабын ескеріп, түрлі аспаптарды жасауда аянып қалмаған шеберлердің ісі қуантады. «Қазіргі таңда елімізде ұлттық өнеріміз қарқынды даму үстінде. Төл мәдениетіміздің ерекше саласы саналған қолөнердің жан-жақты дамуы үшін шеберлер де атсалысуда» – дейді қолөнер шебері Ержан Абдрахман.

Атасы мен әкесінің ізгі жолын қуып, асыл қасиетті бойына дарытып, мирас боп қалған кәсіпті жандандырып жүрген шебер Ержан Нұрланұлы бүгінде түрлі ансамбльдер мен оркестрлерге музыкалық аспаптар дайындайды екен. Кішкентайынан атасы немересін шеберханада шыңдалуға баулып, осы салаға бейімдеген. Тәлімді тәрбиені көрген, іске икемі бар жас шебердің қолөнерге қызығушылығы осылай

артып, ісіне мығым маман атанған. Е.Нұрланұлының айтуынша, музыкалық аспаптарды жасауда аса шыдамдылық, табандылық, шығармашылық қабілет керек. Себебі әр жұмыстың өз қиындығы барын ескерсек, аспап-тарды дайындауда дыбыстың дұрыс өрі таза шығуы үшін, аспаптың сапалы болуы үшін өнімді ету қажет екен. «Қазіргі музыканттардың аспапқа деген сұранысы көп. Сондықтан талабын ескеріп, қалауына сай, көңілінен шығатындай аспап түрін жасау үшін шеберлік қажет» деді ол. Демек, сұраныс бар жерде қай нәрсенің де жоғалмасы анық, яки ұмыт болмасы да хақ. Бұл көнермеген өнердің ешқашан өшпейтінін білдіреді.

ҰСТАЛЫҚТЫҢ СЫРЫ КӨП

Қазақтың қыз-келіншектерінің көркін кіргізіп, келбетін келістіріп, сымбатын үйлестіретін – қазақы әшекей бұйымдар. Демек, зергерлердің зеректігі мен зейінін салып жасаған әшекей бұйымдар қыздардың, әйел-аналардың ажарын айшықтай түседі деген сөз. Жалпы, зергерлік

өнер – дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы. Халықтың тарихи танымы-мен тоғысып, болмыс-бітімімен баяндалған көрнекті кәсіп. Зергерлер көбінесе алқа немесе көз тартарлық түрлі өрнектер салынған өңіржиектер, құлаққа сырға, білекке білезік, шашқа арналған шашбаулар, саусаққа сақина және жүзіктер жасаған. Осы орайда, жақұппен жапсырылған, асыл тастармен көмкеріле жасалатын түрлі түйреуіштерді, оюмен безендірілген басқа да қолданыстағы заттарды, түймелерді ерекше атап өтуге болады.

ТЕРІ ИЛЕУ ҰМЫТ ҚАЛМАСА...

Мақала жазарда тағы бір тақырыпты қарап шықтым. Қазақ қолөнерінде иленген мал терісі жиі қолданылған. Себебі көшпенді халық үшін теріден жасалған бұйымдардың орны айрықша. Яғни, табиғи терінің денсаулыққа пайдалы, жылулық қасиеті жоғары болған. Соның негізінде теріден әртүрлі киімдер, былғарыдан етіктер тігіліп, аталған шикізаттан сүт өнімдерін сақтайтын сыйымдылығы жоғары, ықшамды ыдыс-аяқтар жасап, қамшы, ат әбзелдері мен ер-тұрмандарды қаптады. Сонымен қатар ер-тұрман жабдықтарының ішінен тоқым, құйысқан, жүген, қамшы сынды бөліктерін теріден жасаған. Қысқасы, халық өмірімен біте қайнасқан қолөнердің маңызы аса зор, ерекшелігі де жетерлік екен. Ал, тері өңдеу өнерінің адамзатқа әкелер пайдасы мол. Өйткені, ежелден күнкөрістің негізгі көзі мал шаруашылығы болғандықтан қазақ халқы малдың етін, сүтін күнделікті азық етсе, терісін киім-кешек тігуге, сүйегінен әртүрлі қолөнер бұйымдары мен қажетті тұрмыстық заттарын әзірлеген.

Алида ҒАНИҚЫЗЫ



ОЙЫН МЕН ОЙЫНШЫҚ БАЛАҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Қазақ халқында қаймағы бұзылмаған маңызы мен мәні өз алдына бір бөлек салт-дәстүр көп. Соның бірі – бір жасқа толған сәбидің тәй-тәйлап қадам басып жүруі. Ала жіптің құрмеуін шешіп, тұсауын кесерде жүрісінің нық, келешегінің кемел болуын тілеп жатады. Сосын алдына қаз-қатар заттарды тізіп, таңдағанымен болашағын байланыстырады. Қылығымен таңдай қақтыратын бүлдіршіндер кішкентайынан әлденеге қызығып, талапатын жүреді. Өйткені бала болмысы бейімділігін бірден байқатып тұрады. Бірақ есейе келе арман жолына түсіп, талғам өзгеріп, талапты баланың таланты жаңа қырынан ашыла түседі. Тек, ата-ана баласына бағдар беру үшін тұспалдап, бағытты жолды нұсқауға асық болады. Өйткені, келешектің күңгірт болмауы үшін бойынан қабілет көрсе дамытып, дарынды атануына жағдай жасауы қажет.

Иә, бала – жас шыбық тәріздес. Сондықтан тал бесіктен тәрбиені сіңіріп, қызығушылықпен сұраған әр сауалына асықпай-аптықпай жауап беріп, ойлау жүйесін тереңдете түскен. Әйтеуір, танымын кеңейтетін, қабілетін шыңдайтын шығармашылықпен айналысуына кедергі келтірмеген анағұрлым дұрыс. Осы орайда өзін қызыға оқытатын психологтың кеңестерін ұсынғым келеді.

1. Бала бойындағы талантты 2 жастан бастап дамытуға болады. Сәби әлемдегі құбылыстарды көру және есту арқылы қабылдайды. Сондықтан айналадағы әрбір құбылысты олардың назарынан қалдырмай түсіндіріп отыруда еріншектік танытпаңыз.
2. Ойыншық таңдағанда ойды дамытуға арналғанын алуға әрекет жасаңыз.
3. Ойыншықтар баланың жасына сәйкес болсын. Ойды дамытатын ойыншықтармен түске дейін, түстен кейін шығармашылық ойды дамытуға арналғандарын беріңіз.
4. Баламен қарым-қатынас еркін, анық, түсінікті және жылы болсын.
5. Балалар ойнап жатқанда кедергі жасамаңыз. Өз ойы және қиялымен болсын.
6. Оқу және жазуды үйренген кезде ойдан ертегі құрастырып айтып беріңіз. Мүмкін баладан жазушы шықпаса кім келіп?
7. Егер балаңыз өзіне не керек екенін анықтай алмаса, түрлі үйірмелерге жаздырыңыз. Спорт, шығармашылық, техника осылар арқылы ол өзінің жолын таңдауға мүмкіндік алады.
8. Жетістіктерін мақтап отыруды ұмытпаңыз.
9. Уақытты көбірек бірге өткізуге тырысыңыз. Оның жан-дүниесіне не керек, қиын кезде қалай көмектесу керек? Бұлардың бәрінен хабардар болып отырыңыз. Ата-анасының махаббаты мен жылулығы балаға сенім береді.


Ақиқатында, бала үшін ойын мен ойыншықтың маңызы зор. Себебі, бала топтасып немесе өздігінен ойнау арқылы ойлауын дамытып, көпшіл ортаға үйреніп өзін дамыта түседі. Бұл – бүлдіршіндерде болатын құбылыс. Балдырғандар үшін ойыншықты шашып, оны анда-мында тасып ойнаудың өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті, ата-аналар баласымен бірлесе жүріп шашылған ойыншықты жинауға жұмылса, бала да жауапкершілікті сезінеді. Қанша дегенмен, кішкентайлар ересектің ісінен үлгі алып, көргенін істемеуші ме еді? Бұл ретте отбасы мүшелері баламен онымен бір топқында болуға тырысу керек. Бұл әрекет күн сайын қайталанатын болса, өзі шашқан ойыншығын өзі жинауға әрекет етеді. Дегенмен, бөлме толы ойыншығына қарамастан, жаңаға құмартқан балалар қайта сатып әперуін өтінеді. Ал, бауыр еті баласының бақыты мен қуанышы үшін ата-ана қарап қалмайды. Дегенмен, қызылды-жасылға қызыққан баланың әр кез ойыншық «алып бер» деген өтініші өршіп кетіп, тіпті тізімі таусылмай жатады.

Қысқасы, балаға қалағанын сатып әперіп, ерке етуге де болмас. Өйткені аузын ашқан сайын бәрі алдында дайын тұрғандықтан мұндайға үйреніп, келесі жолы айтқаны орындалмаған соң тентектік танытуы мүмкін. Екінші жағынан, «жоқ» деп баланың меселін қайтаруға да болмас. Одан бала кейін жасқаншақтық пен жалтақтықтың шеңберінен шыға алмай қалады.

Сондықтан әр кез баланың ебін тауып, еркелете отырып, ұқыптылық пен

қанағатшылдыққа үйреткен абзалырақ. Тіпті, өзара келісім жүргізгеннің де айыбы жоқ. Алдымен, бірігіп отырып тізім жазыңыздар. Дүкенге бармас бұрын алатын заттарыңыздың тізімін алдын-ала жоспарлаңыздар. Жазылған тізім бойынша заттарды сатып алуға қызығушылығын ояту үшін ең алдымен, тізімде жазылған нәрселерге қызықтырыңыз. Балаңыз оқи алмай ма? Онда алатын затыңыздың суретін салыңыз: нан, кәмпіт, қияр, картоп, қызанақ, т.б. Ал егер әріп таныса, тізімді ірі әріптермен (түрлі түсті фломастерлермен қызықтырақ) жазыңыз. Дүкенде сауда жасап жүргенде балаңызға арбаға тізімде жазылған заттардан басқа артық зат салынбағанын тексеріп отыруын ескертіп қойыңыз. Сондай-ақ, баланыңызды бюджетті жоспарлауға ынталандырыңыз. Төрт жасар бала үнемдеудің мұндай сабағын қызықты ойын деп қабылдайды, алайда ол қаражаттың барлығын сағызға, сусынға, ойыншыққа жұмсауға болмайтынын, үйге ет, сүт, нан, ірімшік, жаңа күртеше, дәрі-дәрмек, т.б. алу керектігін түсінетін болады. Келісімге барыңыз. Егер дүкенде балаңыздың көзі жайнап, ойнақтай бастаса, пәтеріңіздің қойма емес екенін жайлап, сабырмен түсіндіріңіз, бәрін бірінен соң бірін алуға болмайды деңіз. Оның орнына оған басқа нәрсе ұсыныңыз, қымбат не үлкен болуы міндетті емес. Мысалы, іші ауаға толтырылған түрлі түсті шарлар, бояйтын суреттер топтамасы, сабынды көпіршіктер. Арасында осы заттардың кереметтігін айтып, мақтауды да ұмытпаңыз, тек балаңыздың ойында «жаман, арзан нәрсе» деген күмәнді ой туғаны дұрыс. Баланың бақытты болғанын бәрі қалайды. Олай болса, ойыншықтың түр-түрі көбейген кезеңде, сапалы әрі пайдалысын таңдауды ескеріңіз. Кез келгенді тез қабылдап алатын бала санасын арзанмен ұламаған игі. Жоғарыда айтып өткендей, баланың бітім-болмысы кішкентайынан белгілі болады. Демек, бала кезінен үлде мен бүлдеге ораптық байлық болмаса да, бастысы дарынын ашарлық даңғыл жол қалыптастыруда қарекет ету керек.

Ақнұр ТӨЛЕН



Атажұртқа алыс-жуық шетелдерден келіп, білім алатын қазақ жастарының қатары азайған емес. Жыл сайын қандастар арнаулы 4 пайыздық квотамен ғана грант конкурсына қатысып, білім алып жатыр. Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандастар қоры» бүгінде қандас жастардың тек білім алып қана қоймай, Қазақ еліндегі қоғамдық ортаға бейімделуіне және саламатты өмір салтын насихаттауға ерекше көңіл бөліп отыр.

ОТАНДАСТАР ОРТАСЫ:



СПОРТ БІРІКТІРЕДІ

Осыған орай «Отандастар қоры» КеАҚ және С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен Астанада студенттер арасында «Otanastar cup» халықаралық баскетбол турнирі өтті. Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған Сенат және Мәжіліс депутаттары Ғалиасқар Төлендіұлы, Болат Бақбергелұлы, Амангелді Ғабдылкерімұлы, «Отандастар қоры» ұйымының басшысы Абзал Сапарбекұлы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің басқарма мүшесі, Студенттер ісі жөніндегі проректор Жайнағұл Айтмағанбетқызы сәттілік тіледі. «Бұл турнирдің басты мақсаты – атажұртта білім алып жатқан қандас жастардың арасында

достық қарым-қатынас орнату, бауырмалдық пен бірлікті насихаттау, сондай-ақ саламатты өмір салтына баулу, ең мықты спортшыларды шаршы алаңда анықтау. Жарысқа «Sine Midas Stroy» құрылыс компаниясы демеушілік жасап отыр», – деді Абзал Сапарбекұлы. Мәліметке сәйкес, биыл үшінші рет өтіп жатқан дәстүрлі турнирде Өзбекстан, Моңғолия, Қытай қатарлы алыс-жақын шетелден келген 200-ге жуық студент бақ сынады. Сайысқа 16-25



жас аралығындағы ұл-қыздардан құралған 22 команда қатысты. Ер балалардан 16 команда, қыз балалардан 6 команда жасақталып, солардың ішінен сайдың тасындай іріктеліп шыққан 6 команда үздік атанды. Жеңімпаздарға арнайы сертификат пен ақшалай сыйлық табысталды. Сонымен, ұлдар арасында I орынды – Еуразия ұлттық университетінің «IMS Astana» командасы (Моңғолия), II орынды – Павлодар облысында білім алып, кәсіп бастап жүрген жастардың «Reggion 14» командасы (Моңғолия), ал III орынды ЕҰУ, Астана медицина университеттерінің «Қобда» командасы (Моңғолия) алды. Ал қыздар арасында, I орынды – «Miami» Моңғолия, Өзбекстаннан келген қыздар құрама командасы, II орынды – ЕҰУ, Астана IT университетінен құралған «Jas qazaq» командасы (Моңғолия), ал III орынды Еуразия ұлттық университетінің «Eagle» командасы (Моңғолия) иеленді. Сонымен қатар «Үздік спортшы» номинациясына Өзбекстаннан келген қандасымыз Әскерханұлы лайық болды.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



Мексиканың Гвадалахара қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Айсамал Сансызбаева күміс жүлдегер атанды.

Спортты дамыту дирекциясының мәліметінше, Айсамал 87 келіден жоғары салмақта өнер көрсетіп, қоссайыс қорытындысы бойынша 250 келіні енсерді. Қазақстандық спортшы жұлқа көтеруден 107 келіні бағындырып, кіші күміс медальға ие болды. Ал серпе көтеруден 143 келі нәтижемен кіші алтын медаль алды. Айтұлы доданы Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 1 алтын, 1 күміс медальмен аяқтады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ



Алматыда «Sadu Arena» спорт кешенінде 33 елден 700-ге жуық спортшы қатысқан киокушинкай-кан каратэден әлем чемпионаты аяқталды.

Жасөспірімдер, жастар, ересектер, ардагерлер арасындағы «ката» және «кумитэ» бәсекелерін қоса есептегенде 29 алтын, 25 күміс, 61 қола, барлығы 115 медаль жеңіп алған Қазақстан құрамасы жалпы есепте бірінші орынға шықты.

КЕЛЕСІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ЖАПОНИЯДА ӨТЕДІ



Алда әлем чемпионаты қарашаның 29-ы – желтоқсанның 7-сі күндері аралығында Дания, Норвегия, Швеция елдерінде өтетін гандболдан әлем чемпионатына Қазақстан қыздар құрамасы қатысады.

Дүбірлі додаға қатысатын 32 құрама төрт-төрттен сегіз топқа бөлінген. «G» тобында сыналатын Қазақстан гандболшыларының қарсыластары – Бразилия, Испания, Украина. Алғашқы ойында ел құрамасы 29 қарашада Испаниямен текетірессе, 1 желтоқсанда Бразилиямен шеберлік байқасады, ал 3 желтоқсанда Украинаға қарсы ойнайды. Байрақты бәсеке «Qazsport» телеарнасынан тікелей эфирде көрсетіледі. Айтпа кетсек, әлем чемпионатына жетінші мәрте қатысып отырған Қазақстан гандболшыларының ең биік көрсеткіші – 2007 жылғы 18-орын.

Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ

Спортсүйер қауымға Аталанта Олимпиадасының чемпионы Василий Жировтың жеке бапкері Александр Апачинскийдің есімі жақсы таныс. Соңғы жылдары атақты бокс бапкерінің атын жиі естіп жүрміз. Әсіресе, боксшылар тарапынан кеңес сұрау, соққы әдісін талдау үшін қайраткерге көп жүгінеді екен.



Жалпы алпыстан жасы жаңа асқан Апачинскийді қартайып тұр деуі аузың бармайды. Төртпақ келген денесі мығым, қолыңды қысқан кезде саусақтарыңның сүйегін үгітіп жібере жаздайды. Адамға тіктеп қарағанда тұздай көздері өңменінен өтіп кетеді екен. Түсі суық; баяғыдағы ақ патшаның жазалаушы отрядындағы атаман казағың дәл осындай болған шығар бәтшағар деп қоясың іштей...

Бокс қолғабын шегеге ілгеннен кейін өзінің бапкері Геннадий Васильевич Крыловскийдің жолын қуып, Балқаштағы №4-ші кәсіби техникалық училище базасында бапкер ретінде еңбек жолын бастаған. Василий Жировқа дейін Апачинскийдей дарынды бапкер Сергей Косенков, Алмаз Орынбаев, Евгений Вишняков, Андрей Бормотин, Болат Некембаев, Николай Ситников, Вячеслав Детиненко сынды бүкілодақтық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін өсіріп шығарған. Тағы да ресми дерекке сүйенсек, болсақ, Апачинский өзінің бапкерлік қарьерасында 11 спорт шеберін, 3 халықаралық дәрежедегі спорт шебері мен 2 еңбек сіңірген спорт шеберін тәрбиелеп шығарған.

өзгелерден бөлектеу қылып тұратын бір қасиеті – оның тәзімділігі деп қазір кесіп айтуға болады. Апачинскийдей адамды аяу дегенді білмейтін бапкердің қатал тепкісінен өту дегеніңіз екінші бірінің қолынан келмес шаруа еді. Қайран, Вася! Жаттығу кезінде екі қолын көтеріп қойып, жуандығы оқтаудай сырықпен қос қабырғадан, жон арқадан еті қатайсын деп ондырмай ұрғылағанда шыдауына тура келген. Көздің ортасына апарып суға тастап кеткенінде, қу жан деген тәтті емес пе, бөләнбай шақырым жерден жүзіп өтіп, жағаға жетіп жығылады екен. Ал моншаның буына еңбектеп қашқанына дейін ұстайтыны ше? Айта берсең, Апачинскийдің аңызға бергісіз мұндай «сұмдығы» көп-ақ. Осындай «тепкіден» өткен Василий үшін шаршы алаңдағы айқас біткен баланың ойынындай-ақ болып қалатыны сөзсіз еді. Жалпы, әуесқой бокста жартылай ауыр салмақтағы Жировтың найзағайдың жарқылындай шапшаңдығына жылдамдығы ілесе алатын боксшы екен-саяқ болатын. «Жиров мұнысы үшін алғысты Джекке айтуы керек», – деп күледі Апачинский. Бапкер сөзінің жаны бар: жаттығу кезінде ол өзінің әлгі «Джек» деп аталатын қабаған овчаркасын Жировқа қосатын көрнеді. Сонда байғұс Вася екі өкпесін қолына алып, ұзын дәліздің бойымен зымырағанда, итке жеткізбей барып түпкі есікке кіріп үлгереді екен...



Александр Апачинский 1992-2009 жылдар аралығында Қазақстан құрама командасында жаттықтырушы ретінде қызмет етті. Дәл осы кезеңде кейбір сәтсіздіктерге қарамастан, Қазақ боксы өзінің өрлеу дәуірін бастан кешкен болатын. Егемен елдің бокс державасына айналуына құраманың сол кездегі жаттықтырушысы, одан кейінгі аға бапкері болған Александр Иванович Апачинскийдің қосқан үлесі қомақты десек, – ақиқаттың ауылынан алыс кете қоймас едік. Апачинский бапкер ретінде ерте танылған. Кеңес заманында ол КСРО-ның жасөспірімдер құрама командасында жаттықтырушы болғанын білдік. Нәбір майталман мамандармен қойын-қолтық жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтаған. Аға буын жанкүйерлердің есінде болар, Жиров өзі қатысқан жекпе-жектердің үзілісі кезінде басқалардай бұрышқа жалп етіп отыра кетпей, тек қана түреген тұрып демалыға үйреттім. Неге десеңіз, түреген тұрған боксшы мен отырып демалған боксшының тыныс алуында айырмашылық бар. Мәселен, отырған боксшының ішіне өтетін ауа жолы жабылады да, күшін қайта қалпына келтіруі қиындай түседі. Бұдан бөлек, түреген тұрып демалған боксшының мысы қарсыласын қашанда басып тұрады. Бұл – психологиялық тұрғыдан өте маңызды», – деген ол. Бокс десе ішер асын жерге қояр адам болса, Апачинскийдің әрбір сөзін алтынға балар еді. Еңбек жолын енді ғана бастаған бапкер үшін «Апачинский» бір өзі бір университет қой! Өттен, «Мұны түсінетін бала бар ма?» демекші, бүгінгі күні Апачинскийдің ақылын керек қылатын бапкер болмай тұр. Апачинский бапкер былай дейді: «Бокста секундтан бола білудің өзі өнер. Бұл – бапкерден аса біліктілікті қажет ететін дүние. Жасыратыны жоқ, қазіргі жаттықтырушылардың көбі мұны дұрыс меңгермеген. Мәселен, жанталасқан жекпе-жектің үзілісінде боксшы 20 секундқа дейін ештеңе ұқпайды, сені естімейді де. Ал қазіргі бапкерлер болса, боксшыны дұрыс демалдырудың орнына дәл сол сәтте оған қалай жұдырықтау керектігін айқайлап тұрып үйрете бастайды...». Олимпиада чемпионы, Баркер кубогының иегері Василий Жировты

Александр Иванович Балқашта тумады дегенмен, оның бүкіл балалық шағы, жігіттік кезеңі осы бір көл жағалауындағы көрікті шаһарда өткен. Қазір де осы Балқашта: қаладағы Қарамеңде би деп аталатын орталық көшелердің біріндегі құстың ұясындай үш бөлмелі пәтерінде құдай қосқан қосағы Елена Георгиевна екеуі тұрып жатыр. Бұл кісі Апачинскийдің екінші әйелі екен. Александр Иванович кеш үйленген екен, отыздан асқан кезінде украин қызы Иваннамен көңіл қосыпты. Алайда, әкесі үлкен қызметте болған Иванна ит арқасы қияндағы Балқашта тұрудан үзілді-кесілді бас тартыпты да, еліне, Львовына қайтып кетіпті. Сөйтіп, бұлардың некесі бір жылға да шыдамай, сыр берген. Апачинскийдің Иванна арудан Роксалана есімді бұл күнде жиырманың жетеуіне келген қызы бар. Қазіргі зайыбы Еленадан Никита есімді ұл сүйген. Жиырманың үшеуіне келген Никита Балқашта, ата-анасынан бөлек тұрады. Әкесімен араласпайтын көрнеді, анда-санда телефонмен тілдескені болмаса... «Бұл дегенің заңдылық, – дейді Апачинский күрсініп. – «Не ексең, соны орасың» деген. Бөтен бір еудің баласын тәрбиеледік. Ал өзіміздікіне уақыт болмады. Бапкер деген байғұстың өмірі осы да...». Александр Апачинскийдің өзі кезінде соққылары тегеурінді, техникалық шеберлігі тап-тәуір боксшы болған, спорт шебері деген атағы бар. Ал кеңес заманында «КСРО спорт шебері» атағын иемдену дегеніңіз оңай шаруа болмайтын. 1967-1980 жылдар аралығында ол Қазақ КСР біріншілігінің чемпионы, жүлдегері атанды, халықаралық, бүкілодақтық және республикалық жарыстардың жеңімпазы болған. Ресми дерек көзіне сенсек, ол шаршы алаңда 132 кездесу өткізіп, соның 112-сінде жеңіске жетіпті. Бұл күнде бапкер Апачинский мен шәкірт Жиров арасындағы қарым-қатынас үзілген. Өркім өз шаруасын қыттеп жүр... Әуесқой бокстағы ең биік шыңды бағындырғаннан кейін Жировтың кәсіпқой боксқа ауысқанын жұрт жақсы біледі. Америкаға аттанғанда Апачинский де жанында болды. Бірақ, кәсіпқой бокстың маңайындағы «қасқырларға» бапкер емес, боксшы Василий Жиров керек болатын. Жарты жылдан кейін Балқашына қайтып келгені де сондықтан болар.



Робот жұмысты жеңілдетеді
Технологиялық жаңалықтардың оң жағы, кері әсері де барын білеміз. Алайда адамның жұмысын жеңілдету үшін жасалған бұл

Жаңа заман жаңа мамандарды қажет етеді

процесстер көз қуантарлық болғанымен, еңбекке деген құлшыныстың әлсіреуіне әсер ететіні рас. Себебі технологиялық жетістіктер жұмысты жеңілдеткенмен, адамдар табыс көзінен айырылу қауіпіне мән береді. Бұл – орынды реакция. Бірақ ғылым адамзаттың жақсы өмір сүруі үшін зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғаламдық прогресстердің өркендеуі үшін қызмет етеді. Тағы да айта кететін жайт, технологияны жастайынан меңгерген бала логикалық тұрғыдан қабілетті, озық ойлы болып қалыптасады. Ғылым дамыған сайын адамдар тұрмыстық қажеттіліктерге қарағанда, тұлғалық қызығушылықтарымен айналысып, қоршаған ортаның игілігіне жарайтын дүниелерді жасап шығаруға ден қоймақ.

Робототехниканы мектепте оқыту керек

Себебі жаңа технология бағытына аса назар аударып, осы бағытта іздену маңызды. Егер дамыған, азуы алты қарыс мемлекеттермен терезе теңестіргіміз

келсе, осы бастан балалардың ғылымды игеруіне жағдай жасау қажет. Білім саласына бұл пәннің келуі мені қуантады. Өйткені қазіргі Z заманының ұрпақтары робот жасау, компьютерлік, гаджеттік ақпараттарды тез қабылдайды. Сондықтан бұл тақырып балалардың қызығушылығын оятып, білімін ары қарай жетілдіруге көмектеседі. Бірақ алдымен осы саланы меңгерген мамандар санын арттырып, педагогтардың біліктілігін жетілдіру маңызды. Қажет болған жағдайда тәжірибе алмасуға сырт елдердің озық технологиялық базасының қалай құрастырылатынын, қалай қарыштап дамитынын көзбен көрген артық емес.

Адам жасаған дүние адамға қарсы шықпайды

Саланы жетік меңгермейінше қауіпті болатыны рас. Алайда тегіні білмей, теріс пікірде болмау керек. Американдық фантаст жазушы роботтардың адамдарға зияны тимейді деген идеяны алға тартқан. Адам қолымен жасалған дүние адамның өзіне қарсы шығуы мүмкін емес деп есептейді. Расымен адам ақылмен роботтарды пайдаға жаратса,

технологиялар тек үздік нәтижелер көрсетеді. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді қауіпсіздік ережелерін сақтай отыра меңгеру маңызды, сол себепті әр процесіті жіті бақылауда ұстап, нұсқаулықтардың көмегімен жүргізген абзал.

Елде мықты мамандар қалыптасса...

Сыр дарындары республикалық, облыстық, қалалық дәрежеде жетістіктерге жетіп жүр. Мұғалімнің шеберлігі оқушының жетістігімен бағаланады демекші, әрбір шәкірттің биігі шыңдалуға шабыт береді. Осы орайда ізбасар бүлдіршіндердің жеткен жетістігін атап өтсем. 2019 жылы Арман Сүгірәлі М.Х.Дулати атындағы

Тараз Мемлекеттік университетінің “Үздік ғылыми жоба – 2019” байқауынан жүлделі I орын иеленіп, тегін білім грантын жеңіп алды. «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауының қалалық кезеңінен Нұрсұлтан Жақсыбай II орын иеленді. «Білім – Ғылым – Инновация» атты инновациялық идеялар мен ғылыми жобалар байқауынан Бердібек Мереев II орын иеленсе, «Ғаламдық беталыстар және ақпараттық технологиялар саласындағы жаңа мүмкіндіктер» атты облыстық ғылыми жобалар байқауынан Ерхан Тастыбай мен Нұржан Омаров робототехника бағыты бойынша жүлделі I орынды қанжығасына байлады.

Қазір өзім Қорқыт Ата университетінің магистранты атанып, “Академиялық ұтқырлық” (Egastus) бағдарламасы бойынша Польшада білімді толықтырудамын. Алған білім ел көдесіне жарайды деп сенемін, инновациялық жобаларды ілгерілетуге өз үлесімді қоссам деймін.



Себебі замандастардың өлемдік аренада дарынын паш еткенін көру бөлек сезім. Ғылыми жоба, пәндік олимпиада, кәсіби байқаулардан жүлделі орындарды қанжығалап жүрміз, алайда бұл тек бастамасы деп білемін. Елде мықтылар қалыптастыру керек.

Өңгімелескен
Нұршат НЫШАНОВА

ЖҮЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

(30 қараша-7 желтоқсан)

Тоқты

Апта ұсақ-түйек жайсыздықтарға мән бермей, салқынқанды қалыпта өткізуге тырысыңыз. Қаржылай үстемақыға ие болуға мүмкіндік туады.

Торпақ

Үнемдеуді үйреніңіз, алдағы аптада жоспарланбаған шығындар қомақты қаржыны қажет етеді. Тұрмыстық мәселелерді мүмкіндігінше өткізбей, сол күні шешіп тастауға тырысыңыз. Барлық жоспарланған іс-сапар сәтті өтеді.

Егіз

Бойыңызда энергия мен алға ұмтылдыратын күш жеткілікті, олардың көмегімен аптаның соңғы күндерін жақсы өткізесіз. Аптадағы рөліңіз — қаржы жағынан жолы болғыш жан. Аптаның екінші жартысы мәдени шараларға қатысу үшін аса қолайлы.

Шаан

Жұлдыздар аптада бойды босаңсытуға, көңіл көтеруге, тынығуға кеңес береді. Жоспарланған істеріңіз сәтті өтеді.

Арыстан

Арыстандарға мүмкіндігін көрсету, өзін дәлелдеу үшін көбірек тер төгуге тура келеді. Нәтижесінде ісіңіз жемісті, серіктестеріңіз сенімді болады. Жеке өміріңізде өзгерістер не жаңа таныстық орын алады.

Бикеш

Араласатын ортаңызға мұқият болыңыз және сіз үшін өзгелердің шешім қабылдауына жол бермеңіз. Аптада қаржылық жағдайыңыз бұрынғыдан да жақсара түседі. Демалыс күндерін сәтті өткізгіңіз келсе, жолға шығыңыз, бақша жұмыстарына арнаңыз немесе достармен басқосу ұйымдастырыңыз.

Таразы

Өтініші таусылмайтын таныстардан алшақтап, өз мақсатыңызға қарай қадам басыңыз. Аптаны шығармашылық жұмысқа арнауыңыз мүмкін, ең өнімді іс атқаратын күніңіз – жексенбі.

Сарышаян

Апта сый мен марапатқа толы болғалы тұр, әсіресе, мақсатқа ұмтылып еңбек етсеңіз, табандылық танытсаңыз бәрі оң шешіледі. Ол үшін тынбай еңбектеніп, тер төгуге тура келеді. Танымал және ықпалды тұлғалармен пайдалы байланыстар орнату мүмкіндігі жоғары.

Мерген

Сізді алда оқиғаларға толы қызықты күндер күтіп тұр. Алайда, жұлдыздардың бір шарты бар: күмән туғызатын тұлғалардан, қаржылық айла-амалдардан аулақ болыңыз. Бұл аптада кей әріптестермен араңызды бұрынғыдан да жақындата аласыз, дегенмен, қызметтік әдеп шегінен шықпаңыз.

Тауешкі

Аптада өміріңізде жағымды өзгерістер орын алады. Есте қаларлықтай қызықты оқиғалар легі де көбірек. Дегенмен өміріңізді одан әрі жақсарту түсуге, сән-салтанат пен жайлылыққа деген ұмтылысыңызды аздап тізгіндеуге тура келеді.

Сұқұйғыш

Ұжымдық шаруаларға белсене атсалысыңыз, көпшілік сіздің ұмтылысыңызды міндетті түрде байқайды. Белсенділігіңіз бен энергетикаңыз басшылықтың да, іскерлік серіктестердің де көңілінен шығады. Қаржылық жағдайыңыз беки түседі.

Балықтар

Бұл күндері көңіліңіздің қалауын жасаңыз, қай істі қолға алсаңыз да сәтті аяқталады. Апта сіз үшін қызықты да мазмұнды болмақ. Ал жұмыс күндерін қызметке, іскерлік серіктестермен байланыс орнатуға жұмсаған дұрыс.

Кезекші редактор: Мөлдір САБЫРЖАН

ПОПКОРН: АМЕРИКАНДЫҚ ДЕЛИКАТЕС

Тәтті жүгерінің дәмі тіл үйіреді. Тіпті ісі мұрын жарып, балалардың тәбетін ашатыны көпке аян. Сауда нүктелері немесе көше бойына барлап қарасаңыз, жарылғыш жүгері дайындайтын құрылғы көп. Жер жүзіне таралған өнімге сұраныс өлі де жоғары. Өйткені кинотеатрға келген адамның қолынан да тәтті қытырлақ түспейді. Дерекке сүйенсек, 1912 жылы алғаш рет американдық кинотеатрлар попкорнды сата бастаған. Татымды тәттіге көрермен таңдауы көп болған. Соның нәтижесінде кино билетіне қарағанда попкорннан түсетін пайда артқан. Бұл деликатестің орнын айшықтағаны анық.

Қысқасы жүгері жайында қызықты дерек көп. АҚШ-та ұлттық тамақ болғандықтан, «попкорн күні» деген атаумен күнтізбеде мереке белгіленген. Мұның себебі де жоқ емес. Америка халқының тәтті жүгеріге сүйіспеншілігі зор. Тағамға талғаммен қараған соң, оның дайындалу процесі мен құрамын да қадағалап отырған.

Бір қызығы, жай ғана өнімнің әп-сәтте кәдеге асуы. Мұны бірі тағам ретінде тұтынса, үндістер бұйым ретінде бұрмалап жасаған. Өйелдері өшекеш ретінде қолданып, өніммен өнін ашқан. Яғни Майя үндістері моншақ, алқа, білезіктер жасаған. Жүгеріні отқа қойып, жарылғанда жүгеріні жұлып алады. Содан кейін пайда болған «гүл» шашқа тоқылған. Деректердің деп түскендігі ақиқат. Өйткені бұған дәлел де бар көрінеді. Мехикодағы ежелгі қорымдарды зерттейтін археологтар басы

ашық жүгері шоқтарымен безендірілген богиня мүсіншесін тапқан. Әр дәуірде дәмін жоғалтпаған жүгері бүгінде көп назарында. Тек бала ғана емес,

ересек те дәм татуға асық болатыны рас. Дегенмен өнімді тұтынарда қоспасына мән берген абзал. Пайдасы болғанымен, зияны да жоқ еместігін ескеру қажет. Мәселен, В1 дәрумені тырнақтар мен шаштың күйіне пайдалы. Бастысы жүрек пен қан тамырларының жұмысын қалыпқа келтіреді. Әсіресе зейнет жасындағы адам мен спортқа жақын жандарға таптырмас өнім түрі. Ал құрамындағы келесі дәрумені стресс пен депрессияның алдын алады. Мидағы мазасыздықты жойып, денеге жайлы әсер етеді.

Зиянды тұсы өнімді шектен тыс тұтыну. Өйткені көптеген аурудың туындауына себеп болады. Сондай-ақ қоспа мен құрамға көңіл бөлген ләзім. Егер попкорн тым тұзды болса бар зиян сонда. Тым тәттінің де артық салмаққа әкелетіні сөзсіз. Демек әрқайсысын өз мөлшерімен қосқан тиімді әрі қауіпсіз.

Сондықтан көрінген жерден сатып алмай, үй жағдайында да өзіңізге тырысқан жөн. Сайып келгенде өнім тазалығына көз жеткізіп, қолдан дайындаған соң күмән де болмайды.

Нәзік АХМЕТ



АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1898